

Жаһандық диалог

6.3

Жылына 4 рет 16 тілде шығады

Өзімен-өзі қырқысу жағдайындағы
Үндістан демократиясы

Нандини Сундар

Түрік
тоталитаризмі

Джихан Тугал

Бразилиядағы лулизмнің
аяқталуы

Руй Брага

Неолибералдық Аргентинадағы
еңбек саясаты

Родольфо Элберт

Америкалық құқықтың
терең тарихы

Арли Хохшильд

Университет пен әлеуметтану

- > Ұлыбританияда корпоративтік университеттің өсуі
- > Канададағы «әлеуметтану соғысы»

Еске алу

- > Джон Урри, 1946-2016

Арнайы бағаналар

- > Жыныстық зорлыққа қарсы студенттік кампаниялар
- > Мондрагонның үшінші жолы
- > Жаһандық диалогты румын тіліне аудару

ЖУРНАЛ



International
Sociological
Association
isa

Басылым 6/ Шығарылым 3/ Қыркүйек 2016
www.isa-sociology.org/global-dialogue/

GD



> Редактордан

XXI ғасыр популизмі

2011 мен 2014 жылдар аралығында Жаһандық диалог әлемді шарпып алған қоғамдық құбылыстарды белсенді түрде жариялап жүрді – Араб көтерілістері, Басып алу қозғалыстары, БЗалылар қозғалысы, Жұмысшылар қозғалысы, Студенттер қозғалысы, Қоршаған ортаны қорғау мен Ауылдық жеке меншікті жоюға қарсы қозғалыстар. Бұл жариялау белсенділігі аталған қозғалыстар қимылының өзгерісі сияқты ұзаққа созылмады, себебі өзгерістер популистік қозғалыстар мен авторитарлы режим толқынына алып келді. Осы санда оңшылдар көзқарастарын көрсететін жазбалардың артқаны көрсетіледі: Арли Хохшильдтің Трампизмді және АҚШ шай ішу салтанатын талдауы; Джихан Тугалдың түрік режимінің авторитарлық бетбұрысын зерттеуі; Руй Браганың Бразилиядағы оңшылдар төңкерісін түсіндіруі; Родольфо Элберттің Аргентинадағы неолибералдық өзгерісті талдауы және Нандини Сундардың Үндістандағы Наксалиттер қозғалысына қарсы жалғасып келе жатқан зорлық-зомбылықтың графикалық портреті. Алдында біз дәлелдеп кеткендей, біз бұл қозғалыстарды Карл Поланидың нарықтың кенеюі талдаулары көзқарасы арқылы көре аламыз. Сонымен қатар қазіргі кезде қаржы капиталын басқару оң және сол популистік қозғалыстардың шайқалуын тудырып, тұрақсыздықтың жаһандануына және парламенттік саясаттан жалпы бас тартушылыққа алып келді.

Біз сондай-ақ университет жүйесіндегі жұмыстың қаржыландыруын көре аламыз. Бұл мәселеде Хью Бейнон британиялық университетті жалмаған дисфункционалды менеджеризмді талдайды. Ол «өте жақсы» бағалау жүйесі қабілетсіздікке қалай алып келетінін және алымдарға тәуелділік студентті тұтынушыға және университетті жарнамалық агенттіктерге қалай айналдыратынын зерттеп сипаттайды. Сол арқылы студенттердің «қанағаттанушылығын» максимизациялайтынын көрсетеді. Ұлыбритания корпоративтік үлгісі әлемнің басқа бөліктеріне де жетекшілік ете ме немесе Нил Маклафлин мен Энтони Паддефэт Канадада орын алғанын көрсеткендей, бәсеңдеушілік мұнда да орын ала ма – бұл ашық сұрақ. Алайда Канада академиялық әлеміне консервативті премьер-министр қарсылығын төтеп беруге тура келді.

Біз осы жылдың наурыз айында кенеттен өмірден кеткен Джон Урри өмірі мен шығармашылығы туралы төрт сый-мақала басып шығардық. Джон Урри біртума және ең өскелең әлеуметтанушы болды. Ол көптеген салалардың негізін қалады: әлеуметтік пен географиялық мобильділікті зерттеу бағдарламасын іске қосқан капитализм трансформациясынан бастап, туризм маңыздылығына дейін; жаһандық жылымықтан жақында шыққан үрейлі кітабы, жаһандық теңсіздік пен адам құқығының бұзылуын күшейтетін, құпиялы экономиканы тарату үшін өмір сүретін Офшорингке дейін. Мүмкін ол кейін болашақ әлеуметтанушының негізін қалаушы ретінде танылар, өйткені біздің ғаламшар бағытталған апаттар туралы болжамдарды да атап кетті.

Бізде әлі Америкадағы жыныстық алымсақтыққа қарсы студенттер қозғалысының өсуін, үлкен Мондрагон кооперативінің өзінің қарсыластарына қарсы қорғанысын және соңында Жаһандық диалогты румын тобы ана тіліне аудару мәселелерін қалай шешетінін ашып көрсеткен үш мақала бар. Біз өзге аудару топтарының да әлеуметтануды ағылшын тілінен әртүрлі ұлттық тілдерге аудару тәжірибелерімен бөлісетініне сенеміз.

> Жаһандық Диалог [ХӘҚ ресми сайтында](#) 16 тілде жарияланады

> Мақалаларды мына адреске жолдауға болады burawoy@berkeley.edu



Нандини Сундар, саяси зорлық саласында жетекші әлеуметтанушы, «Жанып жатқан орман» еңбегінің авторы, Чхаттисгарх атты орталық үнді штатындағы соғысты талдайды.



Джихан Тугал, түрік әлеуметтанушысы және «Селқос төңкеріс: капитализмге ислам шақыруын абсорбциялау» еңбегінің авторы, Түркияны XXI ғасыр тоталитаризмінің моделі ретінде ұсынады.



Руй Брага, Бразилиядағы қауіпті таптарға және Еңбекшілер партиясының (ЕП) өркендеуі мен құлауына түсінік беруші, бразилиялық саясаттағы соңғы дағдарысты талдайды.



Жаһандық диалог SAGE Publications ұсынған риясыз грант негізінде жүзеге асып отыр.

> Редакциялық алқа

Редактор: Майкл Бұравой.	
Редактордың орынбасары: Гай Сейдман.	
Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Августо Бага.	
Редакциялық кеңес: Маргарет Абрахам, Маркус Шульц, Сари Ханафи, Винетта Синха, Бенджамин Теджерина, Роземари Барбарет, Изабелла Барлинска, Дилек Чиндьюглу, Филомин Гуттиерес, Джон Холмвуд, Гуэлермино Жассо, Калпана Каннабиран, Марина Куркчян, Саймон Мападименг, Абдул-мумин Саад, Айше Сактанбер, Сели Скалон, Саука Ширахасе, Гразина Скапска, Эвангелия Тастосоглоу, Чин-чин Ю, Елена Здравомыслова.	
Аймақтық редакторлар	
Араб әлемі: Сари Ханафи, Мунир Сайдани.	
Аргентина: Хуан Игнасио Пиовани, Пилар Пи Пуч, Мартин Уртасан.	
Бразилия: Густаво Танигутти, Андреса Галли, Анжела Мартинс Джуниор, Лукс Амарал, Бенно Альвес, Жулио Дэвис.	
Индия: Ишвар Моды, Рашми Жаин, Прага Шарма, Джуотти Сидана, Нидхи Бансал, Панкаш Бхатнагар.	
Индонезия: Каманто Сунарто, Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итрия, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Джулиаван, Мохамад Шохибуддин, Домингус Элид Ли, Антониус Арио Сето Харджана.	
Иран: Рейханех Жавади, Абдулкарим Бастани, Нияеш Долати, Митра Данешвар, Вахид Ленджанзаде.	
Жапония: Сатоми Яомото, Ютаро Шимокава, Синса Камео, Юки Накано.	
Қазақстан: Айгүл Забиров, Эльмира Отар, Баян Смағамбет, Әділ Родионов, Алмаш Тілеспаева.	
Польша: Якуб Барцевски, Адрианна Дроздовска, Кшиштоф Губаньски, Юстына Косыцинська, Камил Липиньски, Миколай Мержеевски, Каролина Миколаевска-Зайонц, Алам Мюллер, Зофия Пенза, Тереза Тележиньска, Анна Вандзель, Юстына Зелиньска, Яцек Зых.	
Румыния: Косима Ругиниш, Корина Брэгару, Костинел Ануца, Татьяна Кожокари, Андрей Добре, Александра Избэшой, Родика Лисяну, Михай-Богдан Марьян, Анда-Оливи Марин, Рамона Маринаке, Анка Михай, Оана-Элена Негря, Йон Даниэль Попа, Диана Тихан, Елена Тудор, Кристиан Константин Вереш, Кармен Войня, Ирина Замфиреску.	
Россия: Елена Здравомыслова, Анна Кадникова, Ася Воронкова, Любовь Чернышова, Анастасия Головнева.	
Тайвань: Джинг Мао Ху.	
Түркия: Гюл Чорбаджиоглу, Ирмак Эврен.	
Медиа кеңесшілер: Густаво Танигутти.	
Шығарылым кеңесшісі: Ана Вилларреаль.	

> Осы нөмірде

Редактордан: XXI ғасыр популизмі	2
> ОҢШЫЛДАР ҮСТЕМДІГІ	
Өзімен-өзі қырқысу жағдайындағы демократия Нандини Сундар, Үндістан	4
Түрік тоталитаризмі : мәдени әуестіктен гөрі жаңа мода үлгісін шығарушы? Джихан Тугал, АҚШ	7
Лулизмнің аяқталуы және Бразилиядағы сарайлық төңкеріс Руй Брага, Бразилия	11
Аргентинадағы еңбек саясаты және неолиберализмнің қайта оралуы Родольфо Элберт, Аргентина	14
Америка құқығы: терең тарихы Арли Рассел Хохшильд, АҚШ	16
> УНИВЕРСИТЕТ ПЕН ӘЛЕУМЕТТАНУ	
Ұлыбританияда корпоративтік университеттің өсуі Хью Бейнон, Ұлыбритания	20
Канададағы «әлеуметтану соғысы» Нил Маклафлин және Энтони Паддефэт, Канада	24
> ЕСКЕ АЛУ	
Джон Урри мен оның еңбектерін еске алу Эндрю Сейер, Ұлыбритания	27
Джон Урри – болашақтың әлеуметтанушысы Скотт Лэш, Ұлыбритания	29
Джон Урри: әлеуметтанушылардың әлеуметтанушысы Боб Джессоп, Ұлыбритания	31
Жақынырақ танысу және мобильділік: Урриді еске алу Мими Шеллер, АҚШ	33
> АРНАЙЫ БАҒАНАЛАР	
Сексуалды зорлыққа қарсы студенттік кампаниялар Ана Виду және Тинка Шуберт, Испания	35
Мондрагонның үшінші жолы: Шэрон Кэсмирге жауап Игнасио Санта-Круз Аюо және Ева Алонсо, Испания	37
Жаһандық диалогты румын тіліне аудару Костинел Ануца, Корина Брагару, Анка Михай, Яна-Елена Негре, Ян Даниель Попа және Диана Тихан, Румыния	39



> Өзімен-өзі қырқысу жағдайындағы демократия

Нандини Сундар, Дэли экономика мектебі, Үндістан



Сальва Джудум - үкіметпен қаржыландырылған жасақтар.
Белгісіз суретші фотографиясы.

Нандини Сундар саяси зорлықты зерттеу саласында белгілі әлеуметтанушы болып табылады. Жанжалдың қарқынды аймағы Чхаттисгарх атты орталық үнді штатында орналасқан Бастарды зерттеуге 25 жылдан астам уақыт арнаған. Бастапқыда PhD диссертациясына зерттеу жүргізу мақсатында ол сонда тұрады. Диссертация Бағыныштылар мен Басшылар: Бастардың антропологиялық тарихы 1854-1996 атымен басылып шықты (Оксфорд университетінің баспасы, 1997). Оның Жанып жатқан орман: Бастардағы Үндістан соғысы (Juggernaut Press, 2016) атты көптен күткен кітабында осы аймақтың әскери әрекеттер орталығына қалай айналғанын және сыртқы саяси күштер арқылы қалай қалыптасқанын сипаттайды. Сонымен қатар Жоғары соттағы өзінің сот тәжірибесінен есебі мен он жылға дерлік әртүрлі кезеңдер мен әлі күнге дейін созылған соттық үдеріс көрсетіледі. Ол және оның әріптестері 2011 жылы тиімді пікір алса да, мемлекет соттың берген жолдама хатына мүлдем назар бермеді және өздерінің көтеріліске қарсы әрекеттерін жалғастыра түсті. Жанып жатқан орман үнді демократиясын қалыптастыруға кедергі болатын институционалды сәтсіздіктерді, мемлекеттік жазасыздықты, қоғамдық тұрақтылықты басып алуға ұмтылады.

Үндістандағы демократия ерекше пікірлерді жұмылдырады. Үнді саясаткерлері атап өткен үстем жағдай, БАҚ пен ел элитасының қасиеттілігі, постколониалды қоғам ішінде Үндістан жалпы сайлау құқығымен, федерализм, әскердің азаматтық басқармаға бағыныштылығы және тәуелсіз соттық жүйесімен мақтана алады. Екінші жағынан, белсенділер Үндістандағы демократия «жалған әрекет» деп айтып, немқұрайлықпен әуестенді. Олар Солтүстік-шығыстың қарулы күштерінің арнайы өкілеттігі актісіндегідей (AFSPA), яғни соған сәйкес әскер тек бір ғана күдік үшін қару қолдана алатын, «төтенше» заңдардағы колониалды жалғастырушылықты, жиі болатын соттан тыс адам өлтірушілік, абақтыдағы өлімдер, азаптау, зорлық пен күштеп жоқ қылуларды көрсетеді; және басқарушы партия, Сикха (Delhi, 1984) сияқты азшылық пен мұсылмандармен (Gujarat, 2002) байланысты қырқысты ұйымдастырады.

Үнді демократиясын зерттейтін академиялық жұмыстар саясаттануда шоғырланған және көбіне саяси партияларды, сайлауларды, институционалды құрылымдарды және режимдердің дамуын негізге алып, центризмдік тәсілді өрбітуге ұмтылады. Жанып жатқан орман: Бастардағы Үндістан соғысы еңбегінде мен керісінше «солшыл экстремизм» деп үкімет атайтын, көтерілісшілерге қарсы жүргізіліп жатқан шараларға әлеуметтанулық зерттеу жүргіздім және үнді демократиясын не айғақтайтынын сараладым.

Қазіргі Үндістанның Мао партизандарына қарсы «Наксалиттер» деп халық аузында аталып кеткен Үндістанның Коммунистік партиясымен шабуылы енді өткен онжылдықтың еншісінде. Бірақ, дегенмен, 1960 жылы басталып, 1970 жылы қатал түрде басып-жаншылған Наксалиттер қозғалысының бірінші кезеңі зерттеушілер назарын аударғты, қазіргі кезде егжей-тегжейлі жазылған біршама кітаптар да бар. Себебі бұл жокқа шығарылған және секюриттелген аймақты зерттеу қиынға түсуінен болуы мүмкін, сонымен қатар қозғалыс қазіргі кезде ауылдық және ормандық аудандардағы жергілікті халықтар немесе тайпалар мен касталар арасында шоғырланған. Бұл қозғалыстың алғашқы Наксалиттер қозғалысынан басты айырмашылығы болып табылады, себебі ерте Наксалиттер қатарында сондай-ақ орта тап та, қала және студенттік жақтастар да болды. Қазір жанжалды сипаттау көбіне, біріншіден, маолықтармен бірге саяхаттаған журналистер тарапынан, екіншіден, «ақылдылар орталығының» қауіпсіздік туралы есептерінен таралып жатыр.

Мао қозғалысы бірнеше аймақтарға таралғанымен, соғыс эпицентрі қалың орманды, минералдарға бай, белгілі Бастар ауданында орналасқан. Чхаттисгарх атты Орталық Үндістан штатындағы 39 114 шаршы километрге созылған Бастарда негізінен адивасис немесе аумақтың жергілікті халықтары мекен етеді. Маолықтар алғаш рет осы аймаққа көрші репрессиядан шегіну мақсатымен Андра-Прадеш штатынан көшіп келді, алайда жергілікті халық оларға өз талаптарын қойды. 1980 жылдардан бастап маолықтар жерді

бөле алатын, ұжымдық жұмыс топтарын дайындайтын, кикілжіңдерді шешетін, жалдамалы жұмысшыларға салық салатын және жақын қатынастарға егжей-тегжейіне кірісе алатын өздерін параллельді мемлекетпіз деп белгіледі. Ауыл тұрғындары Мао мемлекетін құруға қатысқандықтан, олар өздерінің мәдени дәстүрлеріне негіздеді.

2005 жылдың маусым айында Үндістанның ұлттық және жергілікті үкіметі Оңтүстік және Батыс Бастарда Сальва Джудум (Salwa Judum, сөзбе-сөз «тазалау аңшылығы») атты аморфты ұйым ашты. Оны Наксалиттер зорлығына қарсы «халықтың стихиялы қозғалысы» деп атады. Бұл шара аймақтың негізгі таптық конфигурациясына көмектесті: жаңа қоныстанушының жергілікті халыққа қатысты нәсілшілдігі құралады және пайдалы қазбалар мен өндірісті шығару үшін жергілікті халықты ығыстыру мақсатында, мемлекеттің модернизациясын қолдайды. Сальва Джудум көшбасшылары негізінде тұрғылықты емес иммигранттар немесе билеуші Үндістан ұлттық партиясының (BJP) беделді саясаткерлерінің адамы, немесе маолықтар тарапынан қауіпті сезінген Конгресс партиясынан болды.

2005 пен 2007 жыл аралығында Сальва Джудум жасақтары үйлерді өртеді, астық, мал мен ақшаны ұрлады және тұрғындарды өлтіріп, зорлады. Маолықтар жауынгерлер шабуылына жауап берді. Шамамен 50 000 тұрғын күшпен «жәрдемші лагерлеріне» көшірілді, сол екі арада осының тең бөлігі орманға және көрші мемлекеттерге қашты. Көшірілген және бөлінген ауыл тұрғындары үшін бұл өміріндегі ең жан шошырлық оқиға болды, 2007 жылдан кейін адамдар біртіндеп үйлеріне оралғанымен, жағдайлары шешілмеген болып қала берді.

Ресми мәліметтер бойынша, 2005 пен 2016 жыл аралығында Чхаттисгархта 2468 адам, оның ішінде жай адамдар, қорғаныс күштері мен маолықтар өлтірілген. Нақты саны көптеу екені сөзсіз. Ең көп өлім 2005-2007 және 2009-2011 жылдар аралығында үкімет «Орталық қаруланған полиция күшіне» (CAPF) жіберген Грин Хант операциясы кезінде болды. Олар ұшқышсыз ұшақтармен, тікұшақтармен және минаға қарсы танкілерімен бірге қосқанда әскерге қарағанда бір саты төмен болды.

Жазалаушы стандарттар тәжірибесіне сәйкес, үкімет маолықтарды олардың бұрынғы жолдастарын тану үшін және жай полиция жұмысына тұрғалы ойымен келген жергілікті жастарды жұмысқа алды. Өз ауылдарына қайтып келе алмайтын Арнайы полиция қарапайым полиция күштеріне жоғарыдан қараса да, қазіргі кезде полициялық лагерде тұрады. Қорғаныс қызметкерлерінің кейбіреуі өз рахаты және ақша мен медаль үшін өлтіріп, соғысқұмарлық танытса, басқалары бұл жанжалда өздерін дәрменсіз сезінеді. Саясаткерлер мен жоғары шенді шенеуніктер адамзаттық қасіретке енжар.

Қазір Бастар қауіпсіздік лагерлері, әр бес-он километр тікенекті сыммен оралған елдегі ең милитарландырылған аймақ болып табылады. Көпшілікпен мойындалғанымен, қарапайым медициналық көмектің болмауы, білімнің жоқтығы маолықтың қолдаудың негізгі себебі болып

табылады. Мемлекеттің қауіпсіздік шараларына жұмсаған қаражаты жәрдемақы көлемінен біршама есе көп болып отыр.

Басқа партизандарға қарсы шаралармен ұқсастығын ескеріп, өзіне егер партизандарға қарсы науқан не әскери, не отарлық үкіметте емес, демократия жағдайында өтсе, қандай да бір ерекшелігі бар ма деген сұрақ қойғаның дұрыс. Саяси партиялар мен құқық қорғау ұйымдары, БАҚ пен сот билігі сияқты әртүрлі институттар мен субъектілер қалай жауап қабылдады?

Парламент саясатының соғысқа ешқандай қатысы жоқ, себебі Конгресс пен Үндістан ұлттық партиясы (BJP) сияқты Үндістанның екі негізгі париялары оны өрлету үшін бірге әрекет етті. Сол екі арада Үндістанның жергілікті парламенттік Коммунистік партиясы үдерістегі катерлі регрессияға қарамастан, маңызды рөл ойнады. Адам құқықтары жөніндегі Ұлттық комиссия сияқты заңмен орнатылған институттарға қызығушылық танытылмай ғана қоймай, сонымен қатар белсенді түрде бұзылды. Сонымен бірге ұдайы сайлау жүргізіліп тұрады және құқық қорғау институттарының болуы тиімділігі мен демократиялығын сынамастан, мемлекеттің легитимизациясы ретінде қарастырылады.

Сол екі арада үнділік БАҚ тәуелсіз және жігерлі болып табылды. БАҚ бизнес мүдделері және олардың үкіметке белгілі бір шектен асатындай зиян келтіргісі келмеуі; көтерілісшілерге қарсы әрекеттер болып жатқан аймақтар қала орталықтарынан алшақ орналасуы; жергілікті және төменгі каста журналистерінің өте аз болуы - мұның барлығы көтерілісшілерге қарсы әрекет кезінде жаппай адам құқығын бұзушылықтың негізгі мәселе ретінде қаралмайтынында болып тұр. Бастардағы есеп беру циклдері толықтай ескермеушіліктен едәуір мол баяндаушылыққа дейін әртүрлі болып отырды. Бірақ мұның өзі үкіметтік жауапкершілікке алып келмеді. Ағылшын және хинди бұқаралық ақпарат құралдарының құрылымдық ерекшеліктері, соңғысының жұмысында айтарлықтай экономикалық және саяси шектеуінің болуы оқиғаларды баяндауға тағы да әсер етті.

Адам құқықтары ұйымдары қиянат етушілікте, маолықтармен кепілгер үшін келіссөздер жүргізуде және мемлекеттік пен партизандық зорлық аясында дебат жүргізуде басты орынды алды. Сол кезде қалалық құқық қорғаушылардың ғаламтор желісіне деген сенімділігі артып, маңызды мәселелер сол жерде шешіліп отырады. Чхаттисгархта тергеусіз сотты мемлекеттік қолдау ашық антитеррорлық заңның қабылданумен тіркеліп отырды.



Сальва Джудумға қарсылық белгісі ретінде ауыл тұрғындары алыс қашықтықты жаяу жүруде.

Танымал дәрігер және азаматтық бостандық белсендісін осы заңға сәйкес тұтқынға алуы орта тап желілері арасында мазасыздық тудырды, дегенмен оны бостандыққа шығару шарасы көтерілісшілер тарапынан зорлық-зомбылықтың объектісі болып табылатын, елдің қарапайым жергілікті тұрғындары үшін маңыздылық тудырмады.

Қарапайым тұрғындарды бостандықтан айырудың жоғары көрсеткішіне және Чхаттисгарх абақтыларының асыра толуына алып келетін, жергілікті сот жүйелі түрде сәтсіздікке ұшырағанда, сол екі арада Үндістан Жоғары соты Бастардағы жаппай бұзушылықтарды анықтауда басты орынды алды. Алайда шексіз іркіліс пен мерзімін ұзартушылық, және мемлекеттің Соттың қаулыларын ескермеу, соттың шешімдері әділеттілікке алып келмейтінін білдірді. 2011 жылы Чхаттисгарх штатындағы Сальва Джудум сияқты өздігінен басқарылатын ұйымдарды жабу, жергілікті тұрғындарды антипартизандық әрекетке шақыруды тоқтату, қақтығыс құрбандарына өтемақы төлеп, бұзушыларды жазалау сияқты нақты мемлекеттік шараларға қарамастан, мемлекет Сотпен ешқашан аталып өтілмегендей, жай ғана ештеңе өзгертпей отыра берді.

2014 жылы Моди режимі келгендіктен, Сальва Джудумның кейбір элементтері қайта жаңғыртылды. Мемлекетпен қаражатталатын тергеусіз сот Үндістан ұлттық партиясы үшін ел саясатының қалыпты режимі болды. Тіпті қазіргі іс жүзіндегі демократия әлі талай жақсартуды талап етсе де, дегенмен ел азаматтары демократиялық жобаға сенуді және сол үшін күресуді тоқтатқан емес. ■

Хаттарды Нандини Сундарға <nandinisundar@yahoo.com> жолдауға болады.

> Түрік тоталитаризмі:

мәдени әуестіктен гөрі жаңа мода үлгісін шығарушы?

Джихан Тугал, Калифорния Университеті, Беркли, АҚШ



2013 жылы түрік өкіметі мен Күрд жұмысшылар партиясы (КЖП) арасындағы үлкен қиындықпен қол жеткізілген бітімге келудің 2015 жылы Анкарада бұзылуы.

Түріктердің авторитаризмге деген өткір бұрылысы біршама бақылаушыларды таң қалдырды, себебі ел турбуленттігі байқалып, аймақта ерекшеленіп, либерализм үлгісі ретінде белгіленгеніне көп болған жоқ еді. Қазіргі кезде талдаушылар осы трансформация себебін президент Эрдоган тұлғасынан және түрік мәдениетінің ерекшелігінен іздеуде.

Бірақ либералдық жетістікті талдаудың өзі бізге көбірек жауап береді (және де демократиялық Батыс үшін ол алдынала жаман сезім тудыртады). «Либералды демократия» бір кездері адамзаттың ұлы жетістігі болды, сондай-ақ біздің заманда ол (нео)либерализациямен (жеке меншікті приватизациялау, әлеуметтік мемлекетті қайта құрылымдау, индивидтерді өзімен-өзі және финансиализациямен қалдыру) қоян-қолтық келе жатыр, бірақ егер «либерализм» жеке меншік пен еркіндіктің апофеозын білдірсе, онда түрік оқиғасы мемлекеттің жазалаушы және инкорпорациялық күші, сондай-ақ азаматтық пен саяси күш сияқты факторларға байланысты, либерализация

мен демократизация белгілі бір уақыт шегінде ғана бірге жүретінін көрсетеді.

Түркияның жақын арадағы тәжірибесі қалған әлем үшін ескерту болуы мүмкін. Бір кездері зияткерлер азырақ дамыған елдер өз келешегін көбірек дамыған капиталистік елдер тәжірибесінен көре алады деп есептейтін. 1930 жылдардағы апаттық сәтсіздіктен кейін, алайда, көбісі қарама-қарсылық та шынайы болуын жобалады: жергілікті халық отарлаушылық кезеңдерінде бастан өткізгенді еуропалықтарда ақыр аяғында көрді. Тарихта жаппай мүмкіндіктің кеңеюі мен жеке меншік/бостандық дағдарыстық кезеңдерде (соғысаралық жылдарда) бір-бірін кетіріп отырды. Осы екі кең мақсат бір-бірін тағы да талқандай ала ма?

> Жалған либералдық жұмақ

Түркия Таяу Шығыстағы ең зайырлы және демократиялы ел болды. Оның жалған ерекшелігі консервативті партия тарапынан «кемальдік» мұрасын демократизациялануына

>>

негізделген еді. 1950 жылдардан бастап бірнеше оңшыл партиялар біртіндеп XX ғасырдың бірінші жартысында Мұстафа Кемаль қалыптастырған ұлтшыл, корпоративтік пен зайырлы режимді либерализациялап алды. 2000 жылдары жаңа саяси ұйым, Әділеттілік пен даму партиясы одан әрі елдің консервативті және исламшыл дәстүрін үйлестіріп, оңшыл күн тәртібін көпшілікке таратты. 1970 жылдары не бейжайлықтың, не барлық аймаққа тікелей қарсылықтың пайда болуына түрткі болған, неолибералды реформалар жайында танымал және интеллектуалды құлшыныс тудырған, алға басушылықты үгіттеді.

Дегенмен, бұл жетістіктің жарқыраған тарихының күңгірт жағы болды. 2000 жылдары Түркия либерализациясын «үлгі» ретінде көрсететін басыңқы нарратив үкімет баяндауына қарсы шыққан аливит, ереуілдеген жұмысшылар, экологтар, солшыл күштер, кейде тіпті күрдтер сияқты басып-жаншылған топтарды елемейді. Батыс әлемі де, түрік либералдары да Әділеттілік пен даму партиясының сектанттық және мәдени күн тіртібін азайтып көрсетуді жөн көрді. Олар репрессияны партия дамудың жоғары өрлеу қарқыны мен бұрын басыңқы болған кемалист-әскерилерді шегіндіруі сияқты жетістігінің құны ретінде қарастырды. Осы жетістік себебінен пайда болған қоршаған ортаның күйреуі, жұмысшылар өлімі, төмен жалақы, деполитизация, кәсіподақтардың құлауы, сүнниттік секталардың күшеюі, патриархалды зорлық пен урбанистік ығыстыруға аз көңіл бөлінді.

Әділеттілік пен даму партиясының бастапқы екі мерзімі кезінде саяси және экономикалық либерализация оларға қарсы бола алатындай, біршама реніштер мен мүмкіндіктер ашты. 2013 жылдың жазында экологиялық пен қалалық қозғалыстар өзінің жергілікті шекарасын күйретті. Кенеттен әйел, алавит пен секуляристік мобилизациялау оларға қосылғанда, түрік тарихында ең ауқымды қалалық көтеріліс (Гези көтерілісі) бұрқ етті. Оған миллиондаған тұрғын қатысқанымен, олар біріккен саяси тұғырнама құра алмады. Еңбек қозғалысының және күрдтердің көшбасшылары Гези наразылықтарына тек шектелген ғана қолдау көрсетті. Сол екі арада солшыл топтар көтерілісті сенімсіздікпен саяси бағытқа ығыстыруға талпынды. Барлық үш күш одан кейінгі жылдары қаламау, жаңылыс пен жарамсыздықтың тіркесіп келуінен біршама қаражат кетірді.

2013 жылы үкіметтің үсті-үстіне өткір исламшыл және авторитарлы болып бара жатқан мәлімдемелеріне мазасызданып, біршама либералдар көтерілісшілер жағына шығып, оларды либералды бағытқа итермелеуге талпынды. Бірақ сәтсіздікке ұшырады, себебі көтеріліс өз күн тәртібін бастапқы мақсаты шегінен ары қарай кеңейтуге қауқарсыз болды.

> Либерализмнің тоталитаризмге мутациялануы

Революцияның (көтерілістің) бөлшектенген сипатына қарамастан, үкімет көтеріліспен іркілмей жауласып, өз жасырын әрекеттері нарративінде тұйыққа тірелді. Бұдан кейін басқарушы партия өзінің барлық қорын оппозициялық

дауыстарға жұмылдырып, тек ғана авторитарлығы ғана емес, тоталитарлығы да өсе бастады.

Неге осы трансформациялар болып жатыр? Либерализм корпоративизм беталысымен салыстырғанда, әлеуметтік шиелініс көздерін тоқтатқаннан гөрі, көбейтіп жатыр. Құрылысы бойынша басқаларына қарағанда күштірек саяси қауымдастықтар, либерализмді бұзбай, шиеленісті тежей, сіңіре және баса алады; әлсіздеу мемлекеттер либерализм шекарасындағы оталғыш шиеленіспен әрекеттесу үшін, керісінше, аз қамсыздандырылған. Әсіресе режимдер күшті оппозициямен кезіккен кезде, орнатылған институттар пен репрессиялар наразылық қозғалыстарын бақылау үшін жеткілікті болуы мүмкін. Мұндай кездерде элиталар тоталитаризм негізі болатын, контр-мобилизацияға сүйенуі ықтимал. Бұл жол тек қана элитаның әрекетке үндеуінен ғана емес, сонымен қатар оларға жауап беруге дайын саяси және азаматтық топтардың болуынан қалыптасады.

Осындай желілер 1960-1990 жылдар аралығындағы исламшыл мобилизациясынан бастау алған, партиялық негізінде құрылған Түркия Әділеттілік пен даму партиясында толығымен қолжетімді болды. 2013 жылдан кейін түрік режимі күшейтілген қатер ретінде қабылдануына жауап ретінде ол бірінші аливиттерге, ереуілдеген жұмысшыларға, экологтарға және де социалисттерге, кейін либералдарға да қарсы болып, мен атап кеткендей, «жұмсақ тоталитаризмнен» «қатал тоталитаризмге» ығыстырылды.

Өмір тәлкегіне сай 2013 жылдан кейінгі ең мықты мансап либералды исламшыл топқа, Гюлен қауымдастығына қарсы бағытталды. Ол бірінен соң бірі барлық институттарға еніп, ол жердегі көне режим тұлғаларын, аливиттер мен солшыл күштерді үндемей жойып, өз бетімен жұмсақ тоталитаризмнің жетекші акторы болды. Топ мұндай тазалауларды ешқандай шу шығармай басқарып отырды. Гюлен қауымдастығы мен көне исламшыл кадрлары арасында билік олжасын бөлісу төңірегінде біраз қақтығыстар болды, бірақ мұны Эрдоган Израильмен қарым-қатынасы нашарлағанша дейін бақылауда ұстап отырды. Енді Гюлен (америкалық лоббисттік топтармен және басқа да батыс күшінің орталықтарымен терең байланыстағы дін қызметкері) Эрдоганның антиизраильдық сарынына күдікпен қарай бастады. Эрдоган қолдаған түрік қайырымдылық ассоциациясының Газ секторы блокадасын жарып өту әрекеті болғанымен, ойын алмасты. Гюлен билікке қарсы келу негізінде әрекеттерді исламшыл емес деп жариялап, Washington Post басылымына сұхбат берді. Осыдан кейін «бірінші» партия болып табылатын Әділеттілік пен даму партиясының екі құраушысы біртіндеп жікке бөлінді. Даму режим үшін жоғары бағамен келді, себебі оларда мекемені толықтыратын сапасы жоғары кадрлар болмады. Бұл режим тәбетін күшейтіп, оның жаппай мобилизациялануы мен фанатизмге тәуелділігін арттырды.

Осы тоталитаризмге деген ұлттық түрткіге байланысты көбірек өңірлі, әйтсе де контингенттік, динамикалық

>>



Түркиядағы 2016 жылы 16 шілдедегі сәтсіз төңкеріс авторитаризмді тереңдетуге жол ашып, Эрдоганның жолын ашты.

фактор қосылды: араб көтерілістері Түркияның ұйқыда жатқан исламшыл орталарына жаңа үміт берді. Оңшыл либерал мен солшыл радикалдар шағын орталарын қоспағанда, түрік исламшылдары әрқашан Осман империясының қайта жаңғыруын армандап жүрді. Әділеттілік пен даму партиясының көшбасшылары өздерінің жауынгершілігін бұрынғы он жылдықта саяси прагматизм мен жаңа экономикалық және саяси олжаларды қиыстырып әлсіретті, бірақ 2011 мен 2013 жылдар аралығында партияның болар-болмас империялық менмендігі қайтадан қолдау тауып, ақыр соңында бақылаудан шығып кетті.

Әділеттілік пен даму партиясының либералды және батыстық жақтастары қатысушылардың бұрынғы империялық икемділігі «жұмсақ күш» әдісі арқылы институционализацияланатына үміттенді. Бұл бұрынғы академик, сыртқы істер министрі, кейін премьер-министр Ахмед Давудоглудың екі доктринамен уәде берген нәтижесі еді («Көршілермен нәлдік проблема» мен «Стратегиялық тереңдік»). Алғашында араб көтерілістері Давудоглу жігерін күшейте түскен болар, бірақ 2016 жылы ол қызметтен босатылды. Неге? Эрдоган тұлғасының кесірінен бе? Шынына келгенде, ол үшін емес. Егер режим араб көктемінен пайда алатындай жайдайда болса, онда жұмсақ күш әдісінен бас тартуға тура келмес еді. Басқа да кеңейіп келе жатқан капиталистік державалар сияқты Түркиядағы бизнес пен үкімет сыртқы нарықта өз үлесін көбейтуге ұмтылып отырды. Бірақ жұмысшылар толқуынан, саяси фрагменттілік, және ақыры азаматтық соғыстыр және Мысыр, Ливия мен Сирия (түрік капиталистері үшін ең ықтимал нарықтар) әскери интервенциясы бизнес үшін тартымды болмады. Осы геосаяси және әлеуметтік-экономикалық тарлық әлем нарығы келісімшарттарымен салыстырғанда, бизнес экспансиясын шектеп отырды. Енді режимнің өз қорлары арасында таратып беретін ақшасы едәуір азайды. Сөйтіп, алдында кеңейіп келе жатқан Түркия исламшыл бизнес табы үшін де, қала кедейлігін демеу келісімімен әлеуметтік қамсыздандыру бағдарламасы үшін де жаңа мәселелер туындады. Экономикалық олжаның аз көлемімен режим өзінің исламшыл өкілеттігіне тұтқындала түседі.

Сириядағы Түркияның жайлап Асадты жоқ қылуға және ислам үкіметі бизнесіне жайлы жол ашуға алғашқы экономикалық рационалды күш салуы қайткен күнде

де сүнниттік мемлекет қалыптастыру мақсатында сектанттардың үстінен түсуімен анықатты. Түрік жаңсақтығы Ислам мемлекетінің пайда болуына жол ашты. Ол алғашқыда күрдтерге қарсы мықты қарама-қарсылық болу үшін келсе, кейін бірақ тұрақтылықты, туризм мен Түркия үшін батыс және шығыс іскерлік келешегін кетіре бастады. Сонымен қатар анти-Асадтық жиһадшылар мен Таяу Шығыстағы жалғыз ғана исламшыл демократия аралығындағы ынтымақтастықты қабылдау ислам мен демократияның үйлесімсіздігі туралы батыс нарративын күшейтті.

Осы өзгеріс салдары жаһандық әсерге ие. Түркияның соқыр тәуекелшілігі Сирияны құлдыратты. Ол иммиграцияның тарихи толқынын Еуропаға алып келді, осылайша континенте дүниежүзілік соғыс кезінен келе жатқан оңшылдардың мобилизациясының мықты толқынына ертіп әкелді. Жауынгер исламшылдыққа деген қауіптеніп қараумен шабытталған Еуропадағы оңшылдардың көтерілуі Түркияға нақты белгі берді, яғни Еуропалық одаққа толығымен кіру енді Түркия үшін мүмкін емес. Бұл бұрын 2006 жылдан кейін-ақ белгілі болды, бірақ 2010 жылға дейін басқарушы партияның күн тәртібінің радикалды қайта рәсімделуі кезеңінде түсініледі, себебі сол кезеңде еуропалық бірігуге деген сенімнің жоғалуы либерализацияны кетіретін басқа динамикамен қосылу өзара әрекеті жасауына итермеледі. Арабтар бостандық айқайымен көтерілген бойда (олардың құлшыныстарына түрік элитасы өз бизнестері мен империя кеудемсоқтығын бақылап отыру мүмкіндігі ретінде үміттенді), түрік исламшылдары Еуропаға көңіл білдіру қызығушылығын жоғалтты.

> Түркия жолы басқа жерде қалай қайталана алуы мүмкін

Осы динамикалардың кейбіреуі Түркияға тән болғанымен, бүкіл жер шарында либерализмді түсірген жалпы құрылым Түркиядағы сияқты оқиғалар санын көбейтуі мүмкін, оған қоса осы динамикалардың көбісі аймақтар мен елдер аралығындағы байланысты, сонымен қатар ұлттық пен жаһандық үдеріс аралығындағы байланысты да білдіреді. Ең бастысы исламшылдар аралығында оңшыл мәнді қалыптастырудағы әлемдік күрт бетбұрыс барлық Бастысқа тек қана үкіметтік секьюритизацияны ғана тұтандырып қоймай, сонымен

қатар оңшылдарды мобилизациялайтын соққы толқынын жіберді. Бұл процессуалдық тұйыққа тірелу, сонымен қатар ол құрылымның жаһандық түбіріне ие.

Заманауи либерализация тарихында екі ірі циклдың жаһандық деңгейде беті қайтарылды. Екі кезеңде де дезинтеграция жаһандық та, жергілікті де сипатқа ие болды. 1920 жылдардан кейін классикалық либерализмнің түйінін шешу АҚШ пен Батыс Еуропада либерализмнің жеделдеуіне, және де аса репрессиялы мемлекеттердің немесе Шығыста жаппай тоталитаризмнің пайда болуына алып келді. Әлеуметтік мүмкіндіктердің әлсіреуі мен барлық жер шарында секьюритизацияның көбеюі нәтижесінде кіріктірілме либерализм бүгінгі жылжып келе жатқан күйреуден кейін ықтималдығы азайып келеді.

Егер зияткерлер, саясаткерлер мен белсенділер мықты жаһандық балама қалыптастыру қолдарынан келмесе, онда жаппай мобилизация жақын арада тіпті Батыста да болатын, тым ұзағырақ тоталитарлы мемлекеттер өндіріп шыға алады. Түркия тәжірибесі – барлықтарымызға алдын-ала ескерту: сәтсіз революциялар, әдеттегідей, одан да зұлама режимдерге алып келеді. Әсіресе, егер көрнекті күн тәртібі болмай және саяси ұйымдар Гези жаңа нұсқасынан кейін оларды кристалдандыра алмаса, онда оның құны біз үшін өте жоғары болуы мүмкін. ■

Хаттарды Джихан Тугалға <ctugal@berkeley.edu> жолдауға болады.

> Лулизмнің аяқталуы және Бразилиядағы сарайлық төңкеріс

Руй Брага, Сан Паулу университеті, Бразилия, ХӘҚ еңбек қозғалыстарын зерттеу комитетінің мүшесі (RC44)



Бразилиядағы парламенттік төңкеріс, төменгі палата президент импичменті Руссефке дауыс берді.

Жалпы қазіргі Бразилиядағы саяси және экономикалық дағдарысты талдау президент Дилма Русефтің Еңбекшілер партиясындағы (ЕП) ізашар Луиз Инасиу Лула да Силвадан мұраға алған үкімет «қателіктерінің» экономикалық саясатына айрықша көңіл аудартады. Кейбір федералды саяси шешімдер бразилиялық дистрибутивтік жанжалмен араласып кеткенімен, қазіргі дағдарыстың барлық қиындығын түсіндіру үшін саяси реттеуге көңіл бөлу тым қысаң болып есептеледі. Бұл сипаттамалар, әдеттегідей, Лула кезеңінде (2002-2010 жылдар) орын алған таптық құрылымдағы өзгерістерді жасырып отыр және халықаралық экономикалық дағдарыс әсерін елемей. Шынымен де, осындай талдау саяси реттеу мен экономикалық жинақ аралығындағы қарым-қатынасты

түсіндіруге шамасы жетпейді. Бұл таптық қақтығысты тоқтатпақ түгіл, оларды радикализациялайды.

> Ереуіл кезеңдері

Еңбек әлемінде бағынушы мен басыңқы таптар аралығында кез келген келісім күйрегенде, әдетте, ереуілдер қатары болып отырады. Статистика мнә әлеуметтік-экономикалық зерттеулер департаментінің Ереуілдерді қадағалау жүйесінің (SAG-DIEESE) соңғы мәліметтеріне сәйкес, бразилиялық жұмысшылар 2013 жылы тарихи теңдессіз ереуілдер толқынын ұйымдастырған, тұтас алып қарағанда 2050 ереуіл. Алдыңғы жылмен салыстырғанда 134%-ға көбейіп, тарихи рекорд жасады. Сөйтіп, ел соңғы екі онжылдықта ереуілдің күрт азайтылуынан кейін, кәсіподақ қозғалысы өзінің саяси импульсінің бір бөлігін орнына келтіріп жатыр. Бірнеше басты қалаларда банк қызметкерлері

ереуілдері күнделікті дағдыға айналды. 2013 пен 2015 жылдар аралығында мұғалімдер, мемлекеттік қызметкерлер, металлургтер, құрылысшылар, автобус пен темір жол жүргізушілері мен кондукторлары да кәсіподақтық мобилизацияны көбейтті. 2012 жылы жекеменшік секторлары жұмысшыларының ереуілі саны тең дәрежеде біршама өсті.

2013 жылы жеке сектордағы ереуілдері көлемі жалпы көлемнің 54%-ын құрады. Мұнда қызмет көрсету секторындағы жанжалда маманданбаған немесе біліктілігі төмен жұмысшылар қатысқанын атап өткен жөн. Олардың көбісі сенімсіз еңбек шарты мен жеткіліксіз еңбек құқығы жағдайында штата болмады және төмен жалақыға жұмыс істеді. Банк қызметкерлері, туризм, тазалау, жекеменшік дансаулық сақтау, қауіпсіздік, білім беру мен коммуникация саласындағы жұмысшылар бар осы сегіз ұлттық ереуілге қоса көлік жұмысшылары да аса белсенділік көрсетті.

Жалпы кәсіподақтық белсенділік дәстүрлі түрде еңбек жауынгерлігінің негізі ретінде қарастырылатын жұмысшылар категориясынан кеңейтілді. Тіпті мемлекеттік сектордағы муниципалды қызметкерлер арасында ереуіл жасау белсенділігі өсті. Тұтас алғанда, жекеменшік пен мемлекеттік секторларда ереуілдер жоғары дәрежедегі қалалық прекариатты қоса есептегенде, кәсіподақтық қозғалыстың «орталығынан периферияға» көшті.

Ереуіл кезеңдерінің масштабын ескерсек, мүмкін бұл қазіргі саяси дағдарыстың ең жете бағаланбаған түсіндірмесі болар: басқарушы таптарға жай ғана қатардағыны бақылауда ұстауға мұршасы келмейтін

кәсіподақтық бюрократияның қажеттілігі жоқ. Осы көзқараспен, басқарушы тап жалғыз сенімді жоба ретінде капиталистік жинақты қалпына келтіруді топшылайды. Ол еңбек етушілер құқығына жекеменшікті иелену әлеуметтік мүддесін айыру арқылы жүзеге асырылуы қажет.

Бразилияның бағынышты таптары кезігіп отырған ағымдағы ереуілдер мен қиындықтар кезеңі лулистік жобаға сәйкес, шектеуер мен түсінбеушіліктерді ашып береді. Аталған жобаны түсіну үшін соңғы отыз жылдағы ЕП қауіпті гегемония шегін талдау қажет.

> Прекариалды гегемония

Таптық жанжалды реттеу әдісі сияқты түсіндірілетін Лулизм гегемониялық әлеуметтік қарым-қатынас ретінде екі әртүрлі, бірақ бір-бірін толықтыратын келісім формасынан құралды. Бразилияның төменгі табы үкіметтің кәсіподақтық бюрократия жобасына енжар келісті, бұл экономикалық өсімнің барлық кезеңінде жұмысшыларға шағын болғанымен, тиімді талаптан шегінуді қамтамасыз етті.

Жартылай ауылдық субпролетариат Bolsa Família (Отбасы қоры) бағдарламасынан шектен тыс кедейліктен кедейліктің ресми шегіне дейін көтеріліп, өз пайдасын көрді. Қалалық прекариат та төменгі жалақы көлемінің инфляция деңгейінің шегінен асуымен, сонымен қатар еңбек нарығының ресмиленуі мен жұмыс орындарын көбейтумен қызықтырылды. Кәсіподақ құрамында болған жұмысшылар қарқынды дамып келе жатқан нарықтан ұжымдық келіссөздер арқылы жаңа жалақыға және қосымша бенефицияларға жетіп, тез арада пайда көрді.

Еңбекшілер партиясы, ең көп дегенде, 2014 жылғы президенттік сайлауға дейін қайтадан бөлістіру саясатын қиыстырды, олар ұлттық табысты шағын түрде жұмыс орындарын ресми қалыптасырды, несиені қолжетімді қылды. Әлеуметтік теңсіздікпен танылған елде осындай азғантай жылжытылудың өзі бағынышты таптардың лулистік реттеу саясатымен

келісуіне жеткілікті болды.

Сол екі арада ЕП үкіметі мемлекеттік аппарат шеңберінде ұйымдастырылған лулизмге байланысты белсенді келісімнің негізін қалай отырып, кәсіподақтық шенеуніктер, қоғамдық қозғалыс пен парасатты орта тап көшбасшыларының мүдделерін біріктіре алды. Кәсіподақтың мыңдаған мүшесі парламенттегі консультациялық функцияларымен, министрліктердегі және мемлекеттік компаниялардағы мансаптан қолы бос болмады; кәсіподақтағы кейбір бюрократтарға инвестициялық қор ретінде мемлекетпен басқарылатын ірі зейнетақы қорларындағы директорлар кеңесінде маңызды позицияларға рұқсат берілді. ЕП мүшелері мен олардың жақтастары да негізгі үш банкте басқарушы лауазымдарына тағайындалды: Ұлттық даму банкі (BNDES), Бразилия банкі мен Caixa Econômica Federal.

Осылайша лулистік юнионизм тек қана буржуазиялық мемлекеттің белсенді ұйымдастырушысы ғана емес, сонымен қатар елдегі капиталистік инвестицияны басқарудағы негізгі мүшесі болды. Өйткені осы саяси-әкімшілік билік капиталдың жеке-меншігін топшыламайды, кәсіподақ бюрократиясының артықшылықты әлеуметтік жағдайы аппараттың саяси бақылауына тәуелді. Осы бақылаудың қайта өндірісі үшін, тарихи одақтастар (бюрократияның орта деңгейі мен шағын интеллектіленген буржуазия) қызығушылықтары сияқты тарихи жаулардың (дұшпандық бюрократиялық қабат пен ұжымдық мүддесі бар сектанттық топтар) да мүдделері мемлекеттік аппарат ішінде ұсынылуы қажет.

Бұл стратегия ЕП үкіметінің бразилиялық сайлау алды ойындарының антидемократиялық ережелерін қабылдауымен қиындатылғанымен – соның ішінде Лула үкіметінің бірінші кезеңінде парламенттік қолдауды тікелей сатып алуға қадам жасауы - 2014 жылы лулистер гегемониясы көпшіліктің пассивті келісімімен қатар, кәсіподақ пен әлеуметтік қозғалыс көшбасшыларының активті келісімін қалпына келтіруде елеулі

жетістікке жетті.

> Лулизмнің келіспеушілігі

Дегенмен, 2003 пен 2014 жылдар аралығындағы экономикалық өсім кезінде әлеуметтік келіспеушіліктер қазіргі дағдарысты ертерек білдіртіп, айқын көрсетті. Ресми жалақының күрт өсуіне қарамастан, ЕП билігінің бірінші онжылдығы кезеңінде құралған шамамен 94% жұмыс орнында тек 1,5 минималды айлық жалақы (шамамен 250 АҚШ доллары) ғана немесе одан да төмен төленген. 2014 жылы экономика төмендегеніне қарай, шамамен 97,5% жаңа жұмыс орындары осы категорияда болды, олар негізінен әйелдермен, жастармен, қара нәсілділермен толтырылды, яғни дәстүрлі түрде аз ақша табатын және жиі дискриминацияға ұшырап отыратын жұмысшылармен толықтырылған.

Сол кездері жылдан жылға өндірістегі жол-көлік оқиғасы мен ажалды жағдайдар саны және жұмыс күшінің тұрақтамауы да көбейді. Осы екі паттерн жұмыс сапасының нашарлағанын анық көрсетеді. 2014 жылы қабылданған Дилма Русефтің екінші басқаруы кезеңінде экономикалық дағдарыстың тереңдеуі мен қатты үнемдеу саясатына ауысуы осы регрессивті үрдісті күшейте түсті. Бұл кәсіпорын жұмысшыларын ереуілге шығуына түрткі болды.

Іркіліс басталғанымен, тұрақсыз пролетариат жағынан қолдау 2014 жылғы президенттік сайлаудың екінші кезеңінде Дилма Русефке жеңісті қамтамасыз етті, бірақ бұл қолдау ЕП үкіметінің ресми (сапасы төмен және нашар төленетін болса да) болсын жұмыспен қамтылуды қолдайтынын топшылады. Бірақ шығындардың федералды қысқартуына негізделген циклдік қысқартулар қала прекариаты мен ұйымдасқан жұмысшы тап арасында жұмыссыздықтың өсуіне алып келді: соңғы зерттеуге сәйкес, он екі ай көлемінде Бразилиядағы жұмыссыздық деңгейі 7,9%-дан 10,2%-ға дейін өсті.

Екінші жағынан, дәстүрлі орта тап оңшыл экономикалық пен саяси күн тәртібі жағына дамыды – соның ішінде

ЕП одағында және басты кәсіподақтар федерациясында, CUT болғандар, ең көп дегенде, 2005 жылы «Mensalão» деп танылған дауыс үшін пара жанжалына дейін. Неге екенін елестету қиын емес. Үй жұмысшылары аралығындағы жұмысбастылықты ресмилендіру қызметші әйел жалақысының өсуіне алып келді, сол екі арада еңбек нарығында қызмет көрсету құнының өсуі күшейіп жатыр еді. Бұл орта тап өмір сүру кейіпіне тікелей әсер етеді. Ал Бразилиядағы кедей отбасылардың жоғары жалақысымен байланысты жаппай тұтынудың өсуі, олардың алдында дәстүрлі орта тап резервте сақтап отырған сауда орындары мен әуежайлар сияқты кеңістіктерді «жаулап алатынын» білдірді.

Ақырында, жұмысшылардың балалары үшін сапасы төмен, бұрын тек қана орта тап балалары үшін қолжетімді болған жекеменшік университеттерде орындар көбейіп, жұмыс орындары үшін бәсекелестік күшейді. Petrobras атты мемлекеттік мұнай компаниясындағы ақшаның ізінің жасырылуымен және пара берумен байланысты “Petrolão” жанжалы ашылып жайылғанда, орта тап қанағаттанбаушылығы үлкен ереуілдер толқынына ұлысты.

Осылайша, Конгресстегі Русеф үкіметін қолдауының күйзелісінің тамыры елдің әлеуметтік құрылымында жатқан, терең құлдырауға ұшыраған, негізгі дағдарыстың ең елеулі беті ғана болып табылады. Тұрақсыз жұмыс орындары мен табысты үлестіруде деконцентрацияға негізделген Бразилияның даму моделі ендігі кезде бағынышты таптар келісіміне жетпек түгіл, копоративтік кірістің кепілі бола алмайды.

> Мемлекеттік төңкеріс

Халықаралық дағдарыстың өршігуімен кезіккен бразилиялық бизнестің негізгі өкілдері жекеменшік банкілермен бірігіп, федералды үкімет қаталдығын күшейтуін талап ете бастады. Басқа компаниялар үшін рецессия түзетімін тереңдететін, жұмыссыздықты көбейтетін және ереуілдер циклін тоқтатып отырған саясат өзектілігі төмен, әлеуметтік қамсыздандыру мен еңбек саласында



Бұрынғы президент Лула мен президент импичменті Руссеф, Бразилияны он үш жыл бойы билеген жұмысшы партия көшбасшылары.

құқықтарды шектеу сияқты реформалар легін қабылдауда қажетті қадам сияқты.

Бұл жоба ЕП үкіметінің ағымдағы шегінуімен берілді. Бюджеттік өзгерту 53 миллион сайлаушылар үмітіне опасыздық жасап, Дилма мандатының екінші кезегінің басында іске асырылады. Дауысын берген сайлаушылар жұмыс орнын, әлеуметтік бағдарлама мен еңбек құқығы сақталады деген сайлау алды уәделеріне қызықты. Русеф үкіметінің өзікті болмағандығының нәтижесінде, қосымша әлеуметтік таптар аралығында тенсіздіктің азаюына орта таптың наразылығы өсіп отырды. Lava Jato операциясы кезінде федералды полиция тек қана ЕП саясатына көңіл аударуды ұйғарғанда, Petrobras компаниясындағы сыбайлас жемқорлық схемасына қатысы бар бразилиялықтар көшеге шығып, үкіметтің кетуін талап етті.

Бұл мобилизация 2014 жылы жеңіліске ұшыраған саяси партияларды импичмент үдерісіне кірісуіне түрткі болды. Бразилиялық әлеуметтік-демократиялық партия (PSDB) мен Бразилиялық демократиялық қозғалыс партиясы (PMDB) аралығындағы келіссөздер күшейді. Олар «Болашақ көпірі» атты саяси манифестке бірікті, ол бойынша, банк алдындағы мемлекеттік қарызды білім беру, денсаулық сақтау мен әлеуметтік бағдарламалар арқылы төлеуге уәде

берілді.

Ең маңызды консервативті саяси күштер Бразилия үкіметін Русефтің танымал секторларды бергені үшін құлатқан жоқ, оның барлығы кәсіпкерлерді қамтамасыз ете алмағаны үшін болды: конституцияға өзгеріс алып келетін, әлеуметтік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау негіздерін жоюды реформалайтын, одан да радикалдырақ бюджеттік өзгерістер. Бірақ, басқа жағынан қарайтын болсақ, ЕП бақылауындағы кәсіподақтар әлі күнге дейін ереуілдер кезеңдерінде қатысып жүр.

Сөйтіп, қазіргі кезде Бразилия күйзеліс жағдайында. Төңкеріс әлі де күшіне енетін халықтың мықты қарсылығына тап болды. Бұл заңсыз үкіметтің әрекеттенген және Конгресспен қабылданған репрессивті шараларына жауап тәрізді, сонымен қатар айтқысыз әлеуметтік күрес кезеңі шарасыз көрінеді. ■

Хаттарды Руй Брагаға <ruy.braga@uol.com.br> жолдауға болады.

¹ Бразилиялық бағынышты таптың соңғы декададағы осы үш фракциялардағы белсенділігі туралы қарауға болады: André Singer, Os sentidos do lulismo: reforma gradual e pacto conservador (São Paulo, Companhia das Letras, 2012); Ruy Braga, A política do precariado: do populismo à hegemonia lulista (São Paulo: Boitempo, 2012); and Roberto Vêras de Oliveira, Maria Aparecida Bridi and Marcos Ferraz, O sindicalismo na Era Lula: paradoxos, perspectivas e olhares (Belo Horizonte, Fino Traço, 2014).

> Аргентинадағы

еңбек саясаты және неолиберализмнің қайта оралуы

Родольфо Элберт, Конисет және Буэнос-Айрес университеті, Аргентина және ХӘҚ еңбек қозғалысы зерттеу комитетінің мүшесі (ЗКА44)



Жұмысшылар Буэнос-Айрестің Солтүстік Гранда орналасқан өндірістік кәсіпорындарындағы жұмыстан босату шарасына қарсы шығуда. Себастьян Линерос фотографиясы.

2015 жылдың 22 қарашасында аргентиналықтар Маурисио Макриді 2015-2019 жылдар аралығына президент етіп сайлады. Ол үш пайызға жетер-жетпес үлес салмағымен жеңіске жетті. Макриден жеңілген Перониста үміткері Даниэль Сиоли Кишнердің ұзақ онжылдығының, 2003-2015 жылдар аралығы: мемлекеттің экономика мен материалдық игіліктерді шектеулі қайта бөлуге тым араласуы – аяқталғанының көрінісі еді. Енді оңшыл үміткер Аргентинада жемқорлыққа қарсы шара жүргізуде.

Бұл жеңісті қалалық орта таптың антипопулисттік мобилизациясымен және Аргентинаның тоқырау экономикасымен түсіндіруге болады, алайда жеңілісті түсіндіру үшін өндіріс жұмысшыларының өзгеріп жатқан саясатын елемей кету мүмкін емес. Кишнер режимі дағдарысы бастауы игілікті прогрессивті бөлу мен жұмысшы табын үнемі бөлшектеуді парадоксалды үйлестіруде жатыр. Аргентинаның көпжылдық кәсіподақ бюрократиясы Кишнермен одақ құра отырып, бөлшектелген өндірістік азаматтықты қалыптастырды, ал солшыл төменгі (бұқаралық) кәсіподақтар теңсіздікке қарсы күш құрды. Тоқырау экономикасы үкіметтің шектеулі қайта бөлу бағдарламаларының әлсіздігін көрсеткеннен кейін, Руй Брага «тұрақсыз гегемония» деп

атаған әлеуметтік бөлшектеу сайлаудағы жеңіліс себебі болды. Неолиберализмнің орнауына қарсы күрес Кишнер үкіметі кезіндегі экономикалық тұрақсыздықпен күрескен төменгі кәсіподақтарды да қамтуы қажет.

2000 жылдардың соңында әлем елдерінің басым бөлігі 2008 жылғы қаржы дағдарысынан шыға бастады. Аргентина қайта өрлеудің басқа түрін бастан кешірді: жаңа «sindicalismo de base» (демократиялық кәсіподақ қозғалысы) қозғалысы 2001-2002 жылдардағы Аргентинада орын алған экономикалық дағдарыстан кейінгі он жылда елдегі кәсіподақ қозғалысының аяқталып, еңбектің жандануын күттірген еді. Мысалы, Лос Тилос деп танылған Буэнос-Айрестің Солтүстік Гран кедей ауданында тұрғындар инфрақұрылым мен тұрғын үйдің жақсаруын және жақын маңдағы өзеннің компаниялармен ластануын тоқтатылуын талап ету мақсатында жерді жаулап алуды (иемденуді) ұйымдастырған. Ауданның өндіріс аумағына жақын орналасқанына карамастан, тұрғындардың көбі не жұмыссыз, не экономиканың бейресми секторында жұмыс жасаған.

Таң қаларлығы, 2010 жылы Лос Тилостағы қарсылық жақын маңдағы өндіріс кәсіпорындарында жұмыс жасайтын ресми сектор жұмысшыларының кәсіподақтары тарапынан қолдау тапты. Буэнос-Айрестің Солтүстік Гран өндірістік

>>

кәсіпорындарындағы еңбектің жандануы негізінде төменгі демократиялық кәсіподақ қызметі жатыр. Бірақ сол кезде де дәстүрлі бюрократиялық көшбасшылардың бастауымен ұлттық кәсіподақтардың басым бөлігі 2003 жылы билікке келген Киришнер үкіметімен одақтас болды. Бұл бюрократиялық одақ оқшаулау стратегиясын қолдана отырып, қалалық кедей қабатты жоюға күресте ынта таныта қоймай, жұмыс берушілерге күмәнді шарттар негізінде осал жерлері бар жұмысшыларды жұмысқа алуға жол берді. Ал бұл уақытта ресми жұмысшылар жоғары жалақы алып отырды.

Алайда 2000 жылдардың соңында пайда болған төменгі жұмысшы қозғалысы ерекше еді: солшыл кәсіподақтар жұмыс орнында ресми және бейресми жұмысшылар күресін біріктіріп, күмәнді келісім-шарттарды жоюға және жұмысшылардың барлығы тең құқылы болуына ұмтылды.

Жаңа еңбек жандануының артында не жатыр? Аргентинаның постнеолибералды саяси экономикасы бюрократиялық одақтар қолдайтын бөлшектелген өндірістік азаматтықты құрды. 2001-2002 жылдардағы экономикалық және әлеуметтік дағдарыстан кейін Аргентина экономикасы дами бастады, себебі экспортқа шығарылатын тауар бағасы күрт өсті. Қарқынды өсу жағдайында Перониста үкіметі ауылшаруашылығы өніміне салықты көтере алды, ішкі нарықты кеңейте отырып және бекітілген кәсіподақтар үшін ұжымдық келісім-шарттарды қолдау арқылы жаңа жұмысшы орындарын ашты.

Жұмыссыздық деңгейінің бірден төмендеуі және жалақының нақты өсуі, коммуналды қызмет көрсету кәсіпорындарына субсидиялардың артуы және кедейлерге бағытталған жаңа әлеуметтік саясат таптар арасында тұтынуды өсірді. Кәсіби құрылым тұрғысынан экономикалық өсудің бұл үлгісі жалпы жұмыс күшінде жалдамалы өндіріс жұмысшылары үлес салмағының артуына алып келді.

Дегенмен, қайта бөлу саясатының өз шектеуі болды. Экономиканың кеңеюімен капитал одан әрі шоғырлана бастады, ал ірі ұлттық және трансұлттық корпорациялар табысының нормасын арттырды. Екінші жағынан, жұмысшылар жоғары еңбек бейресмилігімен және precarity жұмысымен бетпе-бет кездесті. Латын Америкасы мен Кариб теңізінің әлеуметтік-экономикалық мәліметтер базасына (<http://sedlac.econo.unlp.edu.ar>) сай 2010 жылы Аргентинаның белсенді жұмыс күшінің 45,5 пайызы бейресми жұмысшылар болған – бұған дейінгі он жылдағы экономикалық дағдарыс кезеңімен салыстырғанда жағдайдың оңалғандығы байқалғанмен, табысы төмен үй шаруашылықтары үшін табыстың сенімсіздігі (қорғалмағандығы) мен негізгі жұмыс көзінің көрінісі.

2010 жылы Кристина Киришнер үкіметі игілікті шектеулі қайта бөлу және жұмысшы табын үнемі бөлшектеу арқылы Аргентинаның неолибералды коллапсынан шығу жолын ұсынды. Бірақ бірнеше жыл ішінде Аргентина экономикасы жаһандық қаржы дағдарысының ықпалын сезіне бастады.

Әлемде шикізат бағасы төмендеп, үкімет барынша шектеулі қайта бөлу бағдарламасын жүзеге асыруға талпынды. 2011 жылы Перониста саяси элитасы ЕЖК (Еңбектің жалпы конфедерациясы) ұлттық хатшысының саяси амбицияларын қабылдамай, бюрократиялық кәсіподақтардың бір сегментімен саяси одақтан бас тартты. Он жыл бұрын дағдарыстан алып шыққан экономикалық және саяси коалиция ыдырай бастады.

2014 жылға қарай Аргентина песосының девальвациясы және инфляциялық қысым кедейліктің өсуіне және нақты жалақының төмендеуіне алып келді. Үкіметтің тұрақсыз гегемониясы эрозиясында 2015 жылы президенттік сайлауда Перониста үміткері Даниэль Сиоли оңшылдар үміткері Маурисио Макриден жеңілді.

Қызметінің алғашқы алты айында Макридің ұстанған әдісі Аргентинаға неолиберализмнің қайта оралуының талпынысы екенін сипаттайды. Үкімет бірқатар нарықтық реформалар жүргізді, оның ішінде үкіметтік мекемелерден жаппай жұмыстан шығару және электр қуатымен, сумен қамтамасыз ету сынды коммуналдық қызмет көрсету кәсіпорындарына бөлінетін субсидия көлемін қысқарту. Песоның девальвациясы күнделікті тұтыну тауарлары үшін жалақының инфляциямен қатар жүре алмайтынын білдірді және 2014 жылғыдай кедейліктің күрт өсуіне алып келді. Жұмысшыларға қарсы жаңа агрессиялық шаралармен қатар үкімет ауыл шаруашылығы мен кен өндірісінің экспортына салықты азайтты. 29 сәуірде жұмыстан шығаруға қатысты ұлттық қарсылық орын алғанымен, ел көлемінде басқа еш шара болмады.

Дегенмен, үкіметтің жұмысшыларға қарсы нақты бағытына қарамастан, ұлттық кәсіподақ көшбасшылары жұмысшылардың еңбек құқығын қорғаудан гөрі кәсіподақтың институттық билігінің сақталуы және жемқорлыққа қарсы күресте өз жағдайлары туралы көбірек уайымдайтын сияқты.

Киришнер кезеңінде еңбек бейресмилігімен және precarity қарсы келген, әлі де жанданып жатқан төменгі деңгейдегі кәсіподақ қозғалысымен не болмақ? Жақын болашақта жұмысшы табының басым бөлігі бейресми және күмәнді жұмысшылармен ынтымақтастық стратегиясын қолдауы мүмкін бе? Бұл туралы айту әлі ерте, бірақ өткенге көз жүгірту көмектесе алады. 2000 жылдардың соңында деградацияға ұшыраған жұмыс және бюрократиялық кәсіподақ жағдайында Аргентинаның кейбір төменгі кәсіподақтары жұмысшы табының түрлі бөліктерімен сәтті одақ құра алды. Бұл одақтар ынтымақтастық шекарасын ұлттық деңгейде кеңейтуде қиындықтарға тап болғанымен, неолиберализмнің қайта оралуына жұмысшы қозғалысының қарсылығы осындай стратегияға байланысты екені анық. Балама ретінде жұмысшы көшбасшылары жаңа нарықтық реформаларды сақтауға ұмтылуда. Бұл Аргентина жұмысшыларының одан әрі кедейленуіне алып келуі мүмкін. ■

Хаттарды Родольфо Элбертке <elbert.rodolfo@gmail.com> жолдауға болады.

> Америка құқығы: терең тарихы

Арли Рассел Хохшильд, Калифорния университеті, Беркли, АҚШ



Дональд Трамп сайлау алды кампания үстінде.

Еуропаның басым бөлігі, Үндістан, Қытай және Ресейдегі сияқты америкалық саяси құқық қозғалыста. Американың солшыл мәдени өзгерісі — қара нәсілді президент, бір жынысты неке — бұл өрлеуді жасыруы мүмкін. Бірақ бұл ана жақта. Соңғы онжылдықта консервативті үндеулер жиілей түсті: ең әйгілі кабелді телеарна мен күнделікті радио-бағдарламалар оңшыл көзқарасты айқын дәріптей бастады. Колумбия округі, Вашингтонда федералды Конгрестің екі палатасы да республикалықтар қолында. Сондай-ақ, демократтарға қарағанда республикалықтар мемлекеттік заң шығару палаталарының көбін қадағалайды және губернатор қызметіндегілердің басым бөлігі —

республикалықтар. Елдің 50 штатының 23-де штат заң шығару палатасының екеуі де республикалықтар қолында, ал губернатор — республикалық. Демократтар үшін мұндай көрсеткіш — жеті. Америкалықтардың жиырма пайызға жуығы — 45 миллион адам — салыққа қарсы «шай ішу» қозғалысын қолдауда және соңғы айларда республикалықтар тарапынан президенттікке популисттік-нативисттік үміткер Дональд Трамп тарихта бірінші рет республикалықтардың негізгі дауысын жинады.

Америкалық оңшылды оның басқа жердегі әріптесінен не ерекшелендіреді? Федералды үкіметке жеккөрініш сезімі. Оңшылдар мемлекеттік жәрдемақыларды: жұмыссыздық бойынша әлеуметтік сақтандыру, Medicaid, колледждерге

қаржылық көмек, мектептегі түскі ас және тағы да басқа — қысқартуды талап етеді. Танымал республикалық көшбасшылар федералды үкіметтің білім беру, энергетика, сауда және ішкі істер сияқты бөлімшелерін жабуды насихаттауда. 2015 жылы төменгі палата республикалық фракцияның 58-і салық басқармасының жабылуына дауыс берген. Кейбірі барлық мемлекеттік мектептерді жоюға шақырған.

Осындай көшбасшыларды жақтаушылар үкіметтен көңілдері қалып, оған ашулы. Америкалық оңшылдар нық орналасқан бөлігі — Луизианада бес жылдық этнографиялық зерттеуімді бастаудың басты себебі — «неге?» сұрағы. «Атамекеніндегі таныссыздар (бөтендер): америкалық оңшылдар ызасы және аза тұтушы» кітабыма

>>

сұқбат ала бастағанымда, сұрақ көбейе бастады. Елдің екінші кедей штаты Луизианада басқа штаттармен салыстырғанда мектеп сәтсіздіктері, науқастар мен семіздікпен ауыратын адамдар саны көп. Сондықтан, қажет болғанын – федералды көмек (штат бюджетінің 44% федералды үкіметтен) – алды. Сонымен, «шай ішу» ызалы жақтаушыларының неліктен көп екені туралы мәселеге неге қызықтым? Біза немесе басқа сезім саясат негізі бола ма?

Сарапшылардың басым бөлігі бұл мәселені оңшыл адамдар тәжірибесінен тыс қарастырғандықтан, мен оны тереңірек түсінуге ұмтылдым. Сондықтан оңтүстік-батыс Луизиана қыз-келіншектерінің, шіркеу және саяси кампания шерулеріне қатыстым. Адамдардан қайда өскендерін, мектепке барғандарын және ата-аналары қайда жерленгенін көрсетуді сұрандым. Луизианада тапқан жаңа достарымның орта мектепте жазған күнделіктерімен таныстым, олармен карта ойнап, балық аулауға бардым. Барлығы 60 адамнан сұқбат алдым, оның 40 – ақ нәсілді, егде жастағы «шай ішу» қозғалысының христиан жақтаушылары. 4 600 беттен астам шифрланған сұқбат пен зерттеу алаңындағы жазбаларды жинадым.

Сондай-ақ, әдіс тұрғысынан да жаңашылдықты қолдандым. Алдымен, тыңдадым. Содан кейін фактілерден айрылған тәжірибелері туралы метафоралық көзқарас қалыптастырдым. Мұны «терең тарих» деп атадым. Саяси ұстанымдарымыздың негізінде осындай тарихтың бар екендігіне сенемін. Оның көрінісі мынадай:

Сіз құлшылық еткен кезде тауға алып баратын сияқты кезекте сабырлықпен күтіп тұрсыз. Қасыңыздағылар – ақ нәсілді, егде жастағы, христиан, басым бөлігі ерлер. Тау шыңында америкалық арман бар. Ол – кез келген кезектің мақсаты. Енді, қараңыз! Алдыңыздағы кезекке адамдардың ретсіз қосылып жатқанын байқайсыз. Сондықтан, артқа жылжуға мәжбүрсіз. Олар қалай ғана осылай

әрекет етеді? Олар кімдер?

Олардың көбі – қара нәсілді. Оңтайландыру шараларының федералды жоспары аясында оларға колледждер мен университеттерге түсуде, жұмыс орындарына орналасуда, әлеуметтік жәрдемақы төлеуде және тегін түскі ас беруде басымдық беріледі. Алдыңғы кезекке ретсіз кіріп жатқандар қатарында ерлер жұмыс орындарын көздеген арсыз әйелдер, иммигранттар, босқындар және салықтан түскен қаражаттан жоғары еңбекақысы төленетін мемлекеттік қызметкерлер бар. Бұл қай жерде аяқталады?

Сіз жылжымайтын кезекте тұрғандықтан, сізден оларға жаныңыздың ашуын (мейірімді болуыңызды) сұранды. Адамдар нәсілшілдікке, дискриминацияға және сексизмге шағымдануда. Жәбір көрген қара нәсілділер, билік жүргізілген қыз-келіншектер, шаршаған иммигранттар, жабық көгілдірлер, үміті қалмаған босқындар туралы әңгімелер естисіз. Бірақ, белгілі бір сәтте сіз өзіңізге адамгершілік сезімі шекарасын жабу керектігі туралы айтасыз, әсіресе, егер олардың арасында қауіп төндіруі мүмкіндер бар болса.

Сіз – мейірімді адамсыз. Енді сізден мейірімді алдыңызда ретсіз кезекке кірген адамдардың барлығына танытуыңызды сұранды. Сіз келісіп, өзіңіз артқа жылжыдыңыз. Сіз шағымданбайсыз және көмек сұрамайсыз. Сіз тең құқылы екендігіңізге сенесіз. Бірақ, сіздің құқыңыз туралы не айтасыз? Олар да есептеспей ме? Бұл – әділетсіздік.

Кейін әкесінің есімі Хусейн болған қара нәсілді перзидентті көресіз. Ол кезекке ретсіз кіргендерге қол бұлғап тұр. Ол сіздің емес, солардың жағында. Ол сіздің емес, солардың президенті. Ол да кезекке ретсіз кіргендер қатарынан емес пе? Жәрдемақы үшін күрескен жалғыз басты ананың баласы Колумбия және Гарвард үшін қалай төледі? Мүмкін кей жағдайлар жасырылған болар. Президент пен оның либералды қолдаушылары сіздің ақшаңызды

өздеріне көмектесу үшін пайдаланып жатқан жоқ па? Сіз өзіңізді кезекке тұрғызуға мәжбүрлеп жатқан машина – федералды үкіметті жойғыңыз келеді.

Ұсынылған терең тарих сезімдерін сипаттай алдым, әлде жоқ па білу үшін респонденттеріме қайта оралдым. Кейбірі тарихтың кей жерлеріне өзгеріс енгізгенімен («осылайша біз басқа кезекте тұрамыз...») немесе «ол біздің ақшамызды таратуда...»), барлығы өз басынан өткен жағдай екенін мойындады. Бірі «Сіздің метафораңызда өмір сүремін» десе, екіншісі «Менің ойымды дәл таптыңыз» деді.

Терең тарихтың шынайы болуының себебі неде? Бір сөзбен айтқанда – құрметтен айырылу. Мен кездестірген «шай ішу» қозғалысының жақтаушылары кедей емес, бірақ көбі кедейлікте өскен және қайта кедейлікке ұшыраған отбасылар мен достарын көргендер. Байлық игілік пен құрметтің жалғыз бастауы емес. Ақ нәсілді, гетеросексуалды христиан ретінде демографиялық азаю (бір әйел: «біз сияқты адам аз», - деді) немесе діни азшылыққа айналу («адамдар енді сенбейді», «Бақытты Рождествоны тілеймін дей алмайсыз, бақытты мереке тілеуіңіз қажет») туралы қауіптерін білдірді. Кейбірі мәдени азшылық екендерін сезінген («біз ережелерді сақтайтын тура жолдағы адамбыз, алайда либералдар бізге сексист, гомофоб, нәсілшіл, тәрбиесіз жарлықтарын жапсырған»). Егер Орталық батыс пен оңтүстіктің ауылдық аймақтарында намыстары үшін күрессе, кейбірі өздерін «шық бермес Шығайбай» ретінде сезінген. Терең тарих соңында көбі намыстарын жоғалтқандай сезімде болды.

Терең тарих ауруды сипаттайды (басқалары біздің алдымызда кезектен тыс кірді). Ол кінәны сипаттайды (әділетсіз үкімет). Ол – құтқару амалы («шай ішу» саясаты). Сондай-ақ, ол эмоциялық есеп жүйесін қамтамасыз етеді, яғни күтіп тұрғандар немесе кезектен тыс кіргендер үшін мейірімділік



Дональд Трамп Финикстегі топқа өзінің сүйікті тақырыбы «иммиграция» туралы сөз қозғауы.

өлшемін, үкіметке білдірілетін сенімсіздік өлшемін, мемлекеттік өкілдерді әшкерелеу өлшемдерін бекітеді. Бұл жүйе біз не сезінуіміз қажет, не істеуіміз немесе не істемеуіміз қажет екендігін бекітетін сезім ережелерінің қорына және саяси күрестің басты мақсатына айналған. Қызмет көрсету саласы қызметкерлері сезім ережелерді сақтауы тиіс (Тұтынушыға ашулануға болмайды, оныкі үнемі дұрыс). Қызметкерлер білім алу барысында сезімдерін қадағалауды үйренеді, ал басшылық қызметкерлердің бұл әрекетін қаншалықты жақсы жүзеге асыратынын үнемі бақылап отырады. Дәл осылай саяси идеология да сезім ережесін ұсынады. көшбасшылар мейірімді болу, күдіктену, кінә, маскара арқылы басқарып, радио арқылы дикторлар таратады, ал жергілікті және электронды қауымдастықтар пікір (комментарий) арқылы қадағалайды.

Сол және оң қанаттағылардың сезім ережелері айрықша. Егер солшылдар қоғамың әлеуметтік қорғалмаған қабатына мейірімділік танытып, үкімет тарапынан көмекке лайық деп танылса, оңшылдар мұнымен келіспейді. Солшылдар мұндай жағдайда үкіметке сенуге шақырса, оңшылдар одан күдіктеніп, әшкерелеуге ұмтылады. Солшылдар мемлекеттік көмек көрсетуді дұрыс деп есептесе, оңшылдар осыдан асқан ұят жоқ деп есептейді.

Мен екі тарап арасындағы мәдени күресте «шай ішу»-ді қолдайтындар солшылдар сезім ережелерін

билейтінін және соған көңілдері толмайтынын сезінетінін зерттедім. «Бізде Р.С. жеткілікті еді», - деп Дональд Трамп оңшылдар қолдаған көзқарасты жиі айтуда. Бір адам маған: «Либералдар иммигранттар мен босқындарға жанымыздың ашығанын қалайды. Бірақ мен байқұс мені, байқұс мені, байқұс мені... деушілерді ғана байқаймын» десе, басқасы «Либералдар үкіметтен бірдеңе алады, ал бізден әрекет жоқ – егер менде қажеттілік болмаса, мен алмағаным да қуаныштымын. Алайда, олар алғандары үшін бізден алғыс күтеді». Көбі мемлекеттік көмекке қол жеткізу үшін масқаралықты да бастан кешті және алаяқтарға жағымсыз сын танытты. «Аң аулау маусымында жұмыссыз қалған жігіттерді танимын» немесе «Трейлерлер паркі тұрғындарының басым бөлігі мемлекеттік көмекті еңбекке жарамсыздық есебінен, яғни компенсация талап ету арқылы алған. Олар еңсесін қалайша тік ұстап жүргенін білеймін. Олар осындай жағдайларды жиі қолданады, ал үкімет қолдайды». «Шай ішу» жақтаушыларының көбі кезектен тыс кіргендерге мейірімді болу, үкіметке алғыс білдіруі немесе «үкімет бөлетін көмекті» алу ұятынан еркін болу сезімдерін сезінуі қажет идеяларына қарсы шықты.

Бірақ, мен айтқандай, барлығы келіспеді. Шындығында, бұл – сұқбат алғандарымның екі тарабы. Олардан терең тарих соңының түрлі нұсқаларын естідім. «Шай ішудің» дәстүрлі жақтаушылары

кезекке тыс кіру практикасын да, осы әрекеті үшін мемлекеттік қолдауды да қысқартуға ұмтылса, Дональд Трамп қолдаушылары мемлекеттік жеңілдіктерді сақтап қалуға және оны алғаны үшін масқаралықтан арылуды – жергілікті америкалықтар үшін, негізінен ақ нәсілді, артықшылықтарды шектеуді қолдады.

Трамп үндеулері айқын көзқарасты сипаттамады, алайда сарапшылардың пікірінше, ол Medicaid бағдарламасын қысқартуға шақырған жоқ. Ол сақталмағандарды медициналық сақтандырылуын кеңейтуді көздеген Obamacare «ғажап» бағдарламасын ауыстыру туралы айтты. Трамптың масқаралаудың қолдануы да маңызды. Ол экс-саяси тұтқын Джон Маккейнді, мүмкіндігі шектеулі журналист, Fox News комментаторы – әйелді, құжаттары жоқ мексикалықтарды, түбі мексикалық америкалық сотты, күллі мұсылмандарды және республикашылдар қарсыластырына сөз тигізгеніне қарамастан, Medicaid алушылары мен тамақтану талонын пайдаланушылар намысына тиген емес.

Ақ нәсілділер үшін игіліктерді заңдастыру үшін Трамп оны алу актіні маскулинизациялады. Бұл қадам – Трамп артықшылығының құпиясы мен мықты бастауына айналуы мүмкін. Ол төбелесетін, қаруды қолдана алатын, мығым адамдарды қолдайды. Жәрдемақы алушылардың басым бөлігі – қыз-келіншектер, балалар және қара нәсілді ерлер. Дегенмен де, кедей не кедейлік

шекарасында өмір сүріп жатқан немесе кедейліктен үрейленетін ақ нәсілді ерлер де аз емес. Егер осындай адам мемлекет көмегіне мұқтаж болса, Трамптың баяндауынша, пайдасын арттыра отырып, үкімет жәрдемақы тағайындайды. Сіз пистолет жапсырғышын пикабыңызға жабыстырып алсаңыз да, төбелесті бастасаңыз да, ерлік жасасаңыз да, Трамптың пікірінше, жұмыссыздық бойынша арыз берсеңіз де немесе тамақтану талондары да стигмадан еркін болуы тиіс.

Трамп жақтаушылары арасындағы «көк жағалы» ақ нәсілді ерлер қара нәсілділер басынан кешкен экономикалық тағдырды: қысқарып жатқан жұмыс орындары, төмен еңбекақы және мәжбүрсіздікті, - кешуде. Бұл – өте маңызды. Мұндай ерлер арасында, бай ақ нәсілді ерлермен салыстырғанда, жалғыз басты әкелер, ажырасу, балалар саны және ауыртпалығы көп күндер басым. Олар

дәл қазір Medicaid бағдарламасына қатыспаса да, болашақта бағдарламада орын алуы әбден мүмкін – осылайша олар құқықтарына сай мұқтаж мемлекеттік жәрдемақыны алу барысында қарама-қайшылықтарға тап болады. Әлеуметтік қамсыздандырудан алшақ болу – «нағыз ерлерді» «төмендегілерден» айырудың негізгі маркері болып есептеледі. Луизианада алған сұқбаттарымда алғашында Трамп жақтаушылары арасында мемлекеттік жәрдемақыны қолдау туралы мәселе көтерілмеген еді. Алайда, «қарапайым адамдарды» қолдау жүйесіне қатысты көзқарасын білдіру сұрағына бір автомеханик былай жауап берді: «Трамп бұған қарсы емес. Егер сіз төмен еңбекақылы жұмыста жасағаныңыздан тамақ талондарын пайдаланатын болсаңыз, үстіңізден біреудің қарағанын қаламар едіңіз».

Трамп қара нәсілді немесе жергілікті емес ерлерден гөрі ақ нәсілді «көк

жағалы» ерлерді маскара болудан азат етті. Шындығында, терең тарихқа жауап бере отырып, Трамп Ұлыбританияда, Германияда, Францияда, Австрияда және Шығыс Еуропаның басым бөлігінде кең етек жайған иммигранттарға қарсы қозғалысқа ұқсас шараны бастады. Терең тарихтың түрлі нұсқасындағы бұл қозғалыстар басқа сезім мен оны қорғайтын сенімді қалыптастыратынына сенемін. ■


Хаттарды Арли Рассел Хохшильдке <ahochsch@berkeley.edu> жолдауға болады.

¹ Hochschild, A. (2016) Strangers in Their Own Land: Anger and Mourning on the American Right. New York: New Press.

² See Hochschild, A. (1983) The Managed Heart: Commercialization of Human Feeling. Berkeley and Los Angeles: The University of California Press.

> Ұлыбританияда корпоративтік университеттің өсуі

Хью Бейнон, Кардифф университеті, Ұлыбритания



2014 жылғы Ұлыбританиядағы Research Excellence Framework мәліметтерінің түйіндемесі.

бекітіп отырды, сонымен қоса белгіленген формулалар бойынша студенттік ұйымдар тиісті қаражатпен қамтамасыз етілді. «Элита» жүйесі бойынша, жалпы студенттердің 10% ғана оқуын әрі қарай тереңдетуге мүмкіндік алды, қалған студенттер «жұмысқа орналасу» бағдарламасымен техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне ауысып отырды.

Тэтчер билік құрған кездегі өнеркәсіптік сектордың құлдырауы ренессансты «білім экономикасы» арқылы айтуға мәжбүрлеп, Блэрдің «білім, білім, білім» түсінігіне бастама болды, ол Ұлыбритания балаларының 50% университетке бару керек деп есептеді. Осылайша, университеттер қарқынды түрде үкіметтің экономикалық стратегиясының негізгі құралына айналды. Өзгерістер болатыны білім жүйесіндегі жауапкершілікті Сауда және өнеркәсіп министрлігіне өткізгеннен бастап білінді. Қазіргі таңда жауапкершілік Бизнес, инновация және дағды департаменті мойнында, оның жаңа стратегиялық есебі (Сәттілік білім экономикасы ретінде: жоғары деңгейде білім беру, әлеуметтік мобильділік пен студенттік таңдау) утопиялық идея реакциялық өзгерістерге идеологиялық негіз бола алатынын көрсетеді.

Бұл стратегиялық ауысым Ұлыбританияның жоғары оқу орындарына арналған қаржыландыру өзгерісінің арқасында жеңілдетілді. Мұнда орталық үкімет қаржыландырудан жүйеге дейін алшақтап, төлем тек қана студенттер тарапынан жүргізілді. 1998 жылы жаңа Лейбористік үкіметтің үкімімен студенттік төлемақы жылына £3000 құрады, кейін төлемақы £9000 дейін ұлғайды және алдағы уақытта одан да жоғары болады деп күтілуде. Солтүстік Ирландияда, Уэльсте, Шотландияда жоғары білім беру жинақтау арқылы кеңейтілді, бірақ Англияда күрделі несие жүйесі және студенттік борыш арқылы жүзеге асты.

Қаржыландырудың жаңа жүйесі көптеген ірі өзгерістерді алып келді. Университеттер бір-бірімен студент үшін бәсекеге түсті, оқушыға білім беруге емес, қаржыға қарай

>>

Ұлыбритания университеттерінің түбегейлі өзгеріп жатқаны соншалық, бұл өзгерістің қай кезде бітетінін болжау мүмкін емес. Қазіргі таңда студенттердің оқып жүріп жұмыс жасағаны, он жыл бұрынғы оқу үрдістен айқын өзгешеленетінін көрсетеді. Стефан Коллини жақында бұл жайлы: «біз әлі күнге дейін жоғары оқу орындары деп атап жүргеніміз қолданбалы сараптама орталықтары ретінде өзгеріске ұшыраған және ол қоғамның «экономикалық стратегиясына» байланысты» – бұл Ұлыбритания Әлеуметтанулық ассоциацияның президенті ретінде Джон Холмвудтың 2014 жылы жазған хатынан үзінді. Ол Ұлыбританияның университет жүйесі қазір «жаңартылған патримониальды капиталистік қатынастарға және оның кеңейтілген теңсіздігімен» тікелей байланысты деп есептеді. Аталған өзгерістердің әлеуметтануға пән ретінде тигізген әсері әлі белгісіз болса да, белгілі бір үрей тудырамы анық.

> Қаржыландыру: орталық гранттан студенттік ақылы оқуға дейін

Тарихи тұрғыда, яғни Тэтчер және Блэр үкіметтері кезінде, Ұлыбритания университеттері қайырымдылық ұйымдарын елестетті. Студенттердің санын мемлекет

ұмтылды. Университеттер үшін «студенттік нарық» деген ұғым қалыптасты.

2005 жылы Блэр үкіметі бейнеті көп Сапалы бағалау жүйесін (инспекциялық сапарлар, студенттік жүйені стандартталған аудиторияларға бөліп қарастыру) Ұлттық студенттік сұрауға (ҰСС, ағылшынша NSS – жиналған материалдарды әрі қарай зерттеу, барлық курс студенттерін сырттай бағалау) ауыстырды. Бұл мәліметтер (бірінші дәрежелі білім алатын студенттердің пропорциялық өлшемі) «үздік» университеттер салыстырмалы кестелерінде біріктіріліп, мерзімді басылымдарда жарыққа шығып отырды.

Қазіргі уақытта үкімет тарапынан осы бағалау жүйесін жетілдіру жоспарланып отыр. Ол студенттің іркілісі мен оның жұмыспен қамтылуын және де студент бағасын ескеріп отыратын, Педагогикалық шеберлік негізін (ПШН) көрсететін күрделірек сұрау салуларды енгізуге мүмкіндік берді. Дегенмен, атқарылып жатқан іс-шаралардың кемшіліктері болды, сол себептен жаңа үкімет жаңа ПШН бағалау бағдарламасын ойлап табу туралы жоспарлап отыр. Аталған бағдарламаның көмегімен «біз түсетін ақша көлемінің ары қарай дифференциациялануына сендік».

> Зерттеуді бағалаудан зерттеудің артықшылығына дейін

«Ескі» қаржыландыру жүйесі бойынша, университет қызметкерлері сабақ беру мен зерттеу жүргізуді 3:2 номиналын сақтай отырып жүзеге асырулары тиіс. Ашық түрде қаржыландыратын, академиялық жасақталған Ғылыми кеңестер бәсекеге қабілетті саудаласу арқылы қосымша ғылыми-зерттеуге қаражат бөледі. Кампустағы радикалды және сыни дауысқа қызығушылық танытып, Тэтчер үкіметі Әлеуметтік ғылымдар бойынша ғылыми кеңес атауын Экономикалық және әлеуметтанулық зерттеулер кеңесіне (ЭЭЗК) ауыстыруды талап етті. Бұл ұйым Ұлыбритания экономикасын өрлету қажеттіліктеріне сәйкес құрала бастады. Ғылыми-зерттеу қызметінің (номиналды бес жыл сайын) қайта қарау бағдарламасы университеттің мына департаменттеріне енгізілді: 1980 жылдары бастау алған Ғылыми-зерттеу жұмысын бағалау және сараптама жасау, бірақ 1990 жылы гранттық жүйе негізінде өз жұмысын тоқтатып, зерттеуді қаржыландыруға мәжбүр болды.

Кейінгі қайталаулар бұл процесстің кеңейтілгенін көрсетті. 2015 жылы ұйымның атауын Озық тәжірибе зерттеулері (ОТЗ) деп өзгертуі түбегейлі бетбұрыстарға алып келді – басып шығарылған зерттеудің «әсерін» бағалаудың жаңа мүмкіндігі мен «кең мағынада экономика мен қоғамда дәлелденетін ерекшелігін» бағалауды айқындады: тиісті көрсеткіштер қолдауымен шолу, анализ жасау, тыңғылықты баяндама жасау. Сарапшылар тобы енді «арнайы индикаторлармен негізделген нарративтің дәлелін қарастырады және әр көрсетілімге әсер ететін профиль асты өндіреді». Дүние жүзінде «профильдер шкала бойынша бағаланылатын болады» деген түсініктер қалыптасты. Аталған профильдер шкала

бойынша жоғарыдан төмен қарай рангіленеді: «әлемдік жетекші» (4*), «халықаралық үздік» (3*), «халықаралық мойындалған» (2*) және «ұлттық мойындалған» (1*).

Уақыт өте келе университеттердің ішінде сыртқы мониторинг үдерісі перифериядан орталыққа ауыстырылды. Академиялық пікірлесуде пайда болған «жұлдыз» секілді зерттеу стратегияларында қолданылатын сөзбен қатар, «басымдық», «сенімдік», «қатандық» және «айқындық» сөздері де қолданысқа енді. Сөйтіп, «қатысты» көмекші сөзі университеттерде «ыңғайлы», «салыстырмалы түрде дайын» сияқты сөздермен қатар күшті зат есім ретінде пайда болды.

> Корпоративтік университет

Бұл өзгерісті британиялық мемлекеттік секторды жаңғыртқан қуатты неолибералды стратегияның бір бөлігі болып саналады. Жоғарғы білімде орын алған өзгерістер денсаулық сақтау, салық жинау, күзет пен білім берудегі өзгерістеріне параллельді. Студент үшін бір-бірімен бәсекеге түскен жоғары оқу орындары рейтингтік салыстырмалы кестелердегі жоғары орындарды иемдену мақсатында, қайырымдылық ұйымдарға көңіл бөлудің орнына, жеңіл табыс үшін табысы мол екінші компанияларды іздестірумен болды.

Университет басшылары (Вице-канцлердер) енді өздерін теңдестерінің жанында бірінші кезекте емес, Бас директор ретінде көретін болды, зейнетақылық қамсыздандыру бағдарламасына сәйкес төлем алды. Қазіргі Консервативті үкімет студенттер санына шектеу қоятын «бөрікті» алып тастаған кезде, артық қаражат жинақтау мүмкіндігі артты. 2011 жылы ақша қоры £6.5 миллиардты құрады. Осындайға кенелген Ұлыбритания университеттері АҚШ университеттерінен үлгі алып, қаражатының үлкен бөлігін жылжымайтын мүлікке инвестиция жасай бастады. Біршама басқарушы элита бұл жаңа ғимараттарды олардың жетістігінің символы ретінде көрді.

Көбірек студент іздеу жолында (басқаша айтсақ, «қолма-қол ақша» ізденісі) көптеген университеттер шет елдердегі студент үшін визаға шектеу болғанына көңілі түсіп, өз кампустарын басқа мемлекеттерге де орналастыра бастады және үйреншікті оқытушылар құрамымен де бөлісті. Сол екі арада кейбір кәсіпорындардың бағы жанса, басқаларының жолы бола қойған жоқ. 2015 жылы Аберистуит университеті Маврикийда «студенттерге жаңа мүмкіндіктер мен сапалы білімді қолжетімді ету», британ және басқа да шет студенттер үшін кампус ашу үшін жарты миллион фунт жұмсады, алайда 2016 жылы тек 40 студент қана кампусқа қабылданды, бірақ олар 2000 студентке лайық етіп кеңістік бөлген еді. Университет басшысы кекесінді ескертіп былай айтты: «Бұл әрекет ақылысыздық. Олар бар қаражатын білімі жоғары оқытушылармен қамтамасыз етуге және жергілікті студенттерді көбірек шақыруға кетіргенде, жағдайлары көтерілетін еді».

Осы айтқандардың барлығы үлкен өзгерістерді бастан кешіріп жатқан аймақ және оқытушылар секторы туралы айтылады. Жаңа корпоративті университет

>>>

қазіргі заманға сай мақсаттарға жетуге бел байлаған, жақында тағайындалған Вице-канцлер қалауымен орталықтандырыла түспек. Бұрындары мектептерде, бөлімдерде және ғылыми-зерттеу орталықтарында негізделген «техникалық қызметкерлер құрамында» ортақ кеңсеге жинақталған жаңа әкімшілік иерархия пайда болды. Енді арақатынас жеке телефон арқылы емес, электронды пошта арқылы жүргізілетін болды және тіпті қарапайым операциялар - кездесулері белгілеу болсын, не бөлмені жалдау болсын - компьютермен жұмыс істеуді талап етті. «Өлшемдер» қарапайым менеджмент құралы болғаннан бастап, олар стандартизациялауға қысымды күшейтеді, бұл көп университеттерде жұмысты басқарудың жаңа системаға тікелей байланыстығында болды. Қабілетке байланысты төлемақы, оқытушылар құрамын ауыстыру, тек сабақ беру сияқты жайттар енді күн тәртібінде де көрсетіле бастады.

Бұрындары Элвин Гулднер сипаттап кеткен, ережелермен басқарылатын құрылымдарды бюрократияның «қығаз-бастылық» пен «мақсаттың араласуы» патологиясы енді британиялық жоғары оқу орындарына тән, әсіресе оқу мен зерттеуді бағалау схемасында жиі кездеседі. Студенттердің нашар бағалары, сол оқудың нарықтағы бағасын түсіретіні туралы көптеген университеттер алдын-ала хабарлап жатыр. Бірінші дәрежелі премия «жоғарғы жақтың икемділігіне» байланысты бақыланады. Студенттер курстарды «кері байланыспен» қамтамасыз ете алмағаны үшін жиі сынайды, сондықтан кейбір университеттер арнайы сессиялар өткізіп тұрады. Шын мәнінде кейбір университеттер түсіндіру шараларын басқарушы ретінде «кері байланыс декандарының бірлестігін» бекіткен және кейбір штат мүшелері «кері байланыспен жұмыс жасау жүлдегері» ретінде марапатталған.

Бұл «ойнайтын» әрекет енді зерттеу жұмыстарын бағалауда алдыңғы қатарда болды. 2014 жылы көптеген университеттер әдеттегі барлық оқытушыларды зерттеу жұмыстарына қосу әрекетінен бас тартып, енді тек тақырыптық зерттеуге әсері мен басылу маңыздылығын жоғары бағалайтын оқытушыларды қосуды ұйғарды. Бұл жағдайдың нәтижесінде «алдайды» деп кінә тағылған көптеген университеттер әртүрлі бағалау процедураларын енгізді. 2020 жылға дейін даму жолдары қарастырылған зерттеу жұмыстары бар университеттер қазірден бастап жаңалықтарды бақылап отыруға «Зерттеуге әсер ететін жұмысшылармен» келісімге отырды және барлық құжаттар қиын және өзіне сай тілде жазылған.

Осы сала бойынша шешімдер жоғары дәрежедегі комитеттермен қабылданады және дидактикалық электронды хаттармен, сонымен қатар «қала әкімшілігі» консультациялық кештерімен баяндалады. Сассекс университетінің профессоры Бен Мартин осы жағдайларға «наразылық, арсыздық пен жабырқаңқы көну» деп түсінік берді. Бұл көрініс университеттің соңғы Жұмыс орнын зерттеу сауалнамасында дәлелденді. Осы зерттеу бойынша, ғалымдар жұмыс орнында марапатқа ие болғанымен, ішінде үштен екісінің университеттің

болашақ жоспары және басшылығына әбден көңілі қалған. Сауалнама тағы да академик респонденттердің тең жартысы сапа деңгейін метрикалық белгілерімен байланысты жұмыстан шығып қалуы мазалайтынын көрсетті. Тағы тең жартысы студенттерге еркіндік бермей, ылғи қатаң қадағалап ұстау олардың студенттік өмірлеріне қиындық туғызатынын және өздерінің студенттерін бағалау кезінде қысымға ұшырағанын мәлімдеді.

Чарльз Тернер Уорикс университетінің әлеуметтану ғылымының қолғабыс-профессоры жақында «шын мәнінде университетті жоқ қылып жатқан себептерді» тізіп шықты: кітапхана қоры мен ойдағыдай салынбаған құрылыстарға жұмсалуды мүмкін кең ауқымды ресурстар міндеттемесі; 20 жыл бұрын екінші сатыға таласқан студенттерге сыйақы төлеу; педагогикалық мәселелерді шешуде әкімшілерді қолдану; кейбір бағдарламаларды кәсіптік етіп көрсетуге мәжбүрлеуге тырысу; ешкімнің оқығысы және жазғысы келмейтіні тоқтаусыз жазылған басылымдар (The Guardian, 1 маусым, 2016).

> Әлеуметтану позициясының өзгеруі

Әлеуметтану Ұлыбритания оқу орындарында пән ретінде кәсіби статусына салыстырмалы түрде кеш иеленді. 1960 жылдар басында небәрі үш орталық ғана болды. Нәтижесінде екі мекеменің және студенттер санының тез бен сәтті өсімі қазіргі кезде жоғары оқу орындарында позициясын нығайтуға жол ашты. Әлеуметтанудың осындай жылдам дамуына әлеуметтік идеялардың басқа да салаларға енуіне мүмкіндік берген «ашықтығы» және пән айналасындағы кәсіби шекаралары нық орнатуы көмектесті. Алайда, осы «ашықтық» салдары бір саланың басқа бір саламен қарбаласып кетуіне әкеп соқтырды. Жақсы мысал, «жұмыс әлеуметтануы» мен «білім әлеуметтануы» болып табылады, себебі олар қазір Бизнес мектебі мен Білім мектептерінде оқытылады.

Әлеуметтану басқа да жолдармен өзгеріске ұшырап отырды. 1960 -1970 жылдары бірнеше жетістіктерден кейін бұл сала мультидисциплинарлық контекстінде оқытылатын, әлеуметтік саясат пен заң білімдері енгізіліп, криминология болып қайта құрылды. Кейіннен студенттердің жоғары сұраныстарын қамтамасыз етіп, денсаулық және қоршаған орта жөніндегі салаларда да әлеуметтану өз қолданысын тапты. Әлеуметтанудің қазіргі болып жатқан өзекті мәселелерге дұрыс жауап қайтара алу қабілетіне теріс әсерін тигізіп, осы өзгерістер материалдық құрылымның билігі мен шектеулігі жете бағаланбайды деуге кейбіреулерді мәжбүрледі.

Дәл осы айтылған мәселелер ОТЗ мен жоғары оқу орындарының зерттеу күнтізбелерінде көтерілді. Бағалауды ұсақтатушы амал және «төрт 3*/4* шығу» амалы ғалымдардың монографиядан гөрі журнал мақаласын көбірек таңдайтынын, сонымен қатар бағалау үрдісінің сұранысына сай далалық жұмыстардың қысқартылып жатқанын көрсетті. Кей ғалымдар өз ұмтылысын осы үдеріске бейімдесе, кейбірлері бас тартты. Көбісі этнографиялық жұмыстар мен қоғаммен

тығыз байланыстағы зерттеулер әсеріне кеңінен тоқталуға пікір білдірді. Озық тәжірибе зерттеулеріндегі бұл саланың «өнімділігі» оның болмысы мен университеттегі рөліне әсер етуі мүмкін. 2014 жылы тек қана 704 қызметкерді қосатын 29 ғана бөлімнің «әлеуметтану» айдарына енгізілгендіктен (рекордтық түрде төмен), өтінімдердің саны осылай төмендегенін мойындау оңай болмады. Оның қасында «әлеуметтік саясат» айдарында 62 өтініммен 1 302 қызметкер тіркелді. Бұл қатынастар кейбір әлеуметтанушылар үшін зерттеу басымдылығын өзгеріске ұшыратуынан көрініс тапты. Олар басымдылықты қолданбалы салаларға беріп, университеттің орталықтандырылған комитетінде стратегиялық шешімді таңдауға ұмтылды. Нәтижесінде «пәннің ішінара нұсқасын» ұсынуға мәжбүр болды.

«Әсер» ұғымы бұл жаттығуда маңызды рөл атқарды, себебі көрсеткіш зерттеушілерді сыртқы агенттермен жұмыс жасауын қолдайды. Біршама ғалымдар өз жұмыстарының шетте қалады немесе төменгі рейтингке ие болады деген пікірге келді. Кейбір сыни жұмыс болғанымен (мысалы, экологиялық мәселелер), «әсер» өлшемі қоғамдық ғылымдарда саясаттың азғантай өзгерісіне қарай мықты еңісті білдіреді. Жетекші жоғары оқу орындары өздерін сақтандыру үшін зерттеушілерді белсенді түрде мадақтай бастады. Үкімет көз жазбай бақылап отырған Ғылыми кеңес (ESRC) болашақта пайда түсіреді деген пан-университеттік топтар қатысатын үлкен жобаларға инвестиция салу бағытына ауысты. Бұл

саясат шағын жобалардың шетте қалуына жол ашты.

Бұл өзгерістер соңғы отыз жылда өрбіді. Қазіргі таңда біздер дағдарыс кезеңіне келіп, сыни мен ғылыми белсенділік орталығы ретінде мемлекеттік жоғарғы оқу орны деген идеяның өзіне күмән келтіреміз. Үкіметтің бүгінгі саясаты болашақта жаңа жеке меншік жоғарғы оқу орындарының пайда болуына және білім секторының бәсекелестігінің күшеюіне алып келеді.

Осы типтес қиындықтар университет болашағы мен мақсаты жайлы, сонымен қатар олардағы әлеуметтану орны туралы күрделі сұрақтарды көтереді. Айта кететін жайт, осы өзгерістерден қатты әсер алған әлеуметтанушылар Джон Холмвудтың басшылығындағы Ұлыбританиядағы қоғамдық университетті қайтарып алуды мақсат еткен топқа қосылды. Жоғарғы білімге арналған альтернативті ақ кітабы атты оның жеке баламалы стратегиялық күн тәртібі маусым айында Лондонда болған басты бас қосуда шығарылды. Бұл саясат жоғары оқу орындарына жеке коммерциялық жеткізушілердің қосылуының студенттік топтарға және сыни зерттеу жұмыстарына кері әсер тигізетіндігін көрсетті. 1988 жылы әлемнің 802 университеті қол қойған Magna Charta Universitatum цитатасымен аяқтайды: жоғары оқу орны дегеніміз «кез келген саяси билік пен экономикалық күштен құндылық және интеллектуалды оқшау» «автономды мекеме» болып табылады. ■

Хаттарды Хью Бейнонға <beynonh@Cardiff.ac.uk> жолдауға болады.

> Канададағы әлеуметтану соғысы»

Нил Маклафлин, МакМастер университеті, Канада және Энтони Паддефэт, Лейкхед университеті, Канада



Канада премьер-министрі Стивен Харпер «әлеуметтанумен айналысатын уақыт емес» деп хабарлағаннан кейін таралған белгішелер. Ол негізі терроризм себебін зерттей бермей, террористтерге қарсы қатал әрекет жасау қажеттілігін білдірген еді.

21 ғасыр басында бірнеше беделді ғалым канада әлеуметтануының жағдайы туралы алаңдаушылық пікірлерін білдірді. Брюс Кертис пен Лорна Уир ағылшын тілді канадалық әлеуметтану «ерекше білім, дағды және қоғамдық үндеуге ие кәсіп ретінде әлеуметтану әлсіз мәннен» зардап шеккендігін айта отырып; Канада әлеуметтануының негізін қалаған ғалымдардың зейнетке шығу уақыты жақындағандықтан, пән болашағы үшін алаңдаушылық таныта бастады¹. Роберт Брим Канада әлеуметтану қауымдастығына мүше адамдар санының азаюына қатысты және канададағы осы пән жағдайы туралы үрейін жария етті². Нил МакЛафлин институттық факторларды зерттей отырып, канада әлеуметтануында «жақын болашақта дағдарыс» орын алатындығын ескерте отырып жауап қайтарды³. Мақсаты – терең институттық стратегиялар мен кең интеллектуалды пайымдаудың орын алуына алып келетін диалогты бастау арқылы рефлексті сәттің пайда болуына итермелеу. Осы мақалаларға эмоциялық және полемикалық жауаптар Канададағы «әлеуметтану соғысына» алып келді және жағдай орын алғаннан кейінгі он жыл шамасында әлі де басыла қоймады.

Пэт О’Малли и Алан Хант Кертис пен Уирдің шектен шығып кетуі мүмкін әлеуметтану полициясы мақсатында қатаң пәндік стандарттарды ұсынулары мен әлсіз пән ретінде алаңдаушылығын «жалмауызды

аулауға» теңеп, ашық шабуылды қамтамасыз етті⁴. МакЛафлиннің «дағдарысты» мақаласы нормативті және эмпириялық басқа сыни үндеу негізінде жазылған⁵. Осы пікірталастың басым бөлігі канадалық әлеуметтануды фактілер контекстінде зерттеуге мүмкіндік бергенімен, оның теноры өте қатаң болды. 2018 жылы Торонтода канадалық әлеуметтанушылар Халықаралық әлеуметтану қауымдастығының (ISA) бүкіләлемдік конгресін өткізетін болғандықтан, Құрама Штаттардан тыс басқа ұлттық әлеуметтанулар үшін өзекті және пайдалы болуы мүмкін кейбір негізгі мәселелер туралы ой толғатудамыз.

Канада әлеуметтануы жағдайы туралы алаңдаушылықтың негізгі фокусы – ұлттық қауымдастыққа мүшеліктің азаюы және мүшелер арасында кездесудің сиреуі. Жыл сайынғы ағылшын тілді канадалық әлеуметтану кездесулері елдің түрлі университеттерінде ұйымдастырылатын пәнаралық Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар конгресінің бір бөлігі ретінде сақталған. Канада әлеуметтануы кездесулері қатысушылардың, әсіресе, әлеуметтанудың жоғары факультеті ішінде, аз келуінен зардап шегуде. Бұл пән дәрежесінің төмендеуін көрсете ме? Жан-Филипп Уоррен басқа да ұлттық және жаһандық академиялық қауымдастықтардың басым бөлігі осындай төмендеуге дұшар болғанын есімізге салды⁶. Роберта Патнемнің «боулинг» тезисіне сүйене отырып, ол интернет-коммуникациялық технологиялардың өсуі кең

жағрафиялық қашықтықта бейресми ғылыми желілердің таралуына және дәстүрлі, ресми ұйымдастырылған кездесулер аясынан тыс ғалымдардың «өз бетінше әлеуметтік интерпретациялауға» мүмкіндік берді.

Дегенмен, 2000 жылдардың басында әлеуметтанудың университет пен қоғамдағы мәртебесі төмен болып қала бергеніне қарамастан, ғылым әлсіздігінің басқа да белгілері бар. Бұл мәселелердің көбі бүгін де өзекті және басқа ұлттық әлеуметтануға тән болуы мүмкін. Бірақ, біздің ерекше тарихымыз бен Құрама Штаттармен, Ұлыбританиямен және Франциямен өзіндік қарым-қатынасымызға сай көтеріліп отырған мәселелер біздің жағдайда өзгеше.

Америка ғылымының гегемониясынан қорку 1970 және 1980 жылдары Canadianization қозғалысына алып келді, ал әлеуметтанушылар канадалық мән-мазмұн мен ішкі нарықта өз қызметкерлерінің санын арттыру арқылы автономды канадалық әлеуметтануды құруға ұмтылды. Сондай-ақ, дәл осы қозғалыс америкалық әлеуметтануға қатысты жағымсыз қатынасты да күшейтті. Американы шабуылдай отырып, өз кемшіліктерімізді байқамаймыз⁷.

Тек біздің емес, басқа елдерде де әлеуметтанушылар алаңдаушылығын туғызып отырған мәселе – ұлттық мән-мазмұнның әлсіреуі және ол негізсіз емес. Канадалық әлеуметтанушылар АҚШ-та жиі білім алып, Джон Портер немесе Уоллес Климента сынды канадалық үлгілерден гөрі жаһандық әйгілі теоретиктерге еліктей бастайды⁸. Кезінде ерекше канадалық дәстүрлер енді жаһандық (оқыңыз: америкалық және еуроцентристік) пәннің бір бөлшегі ғана болып барады.

Ральф Мэтьюз Канада қоғамының маңызды ерте теоретигі Гарольд Иннистің⁹ «скрепка теориясын» қайта қарап, канадалық дәстүрді қайта жандандыруға тырысты. Гарольд Иннистің пікірінше Канада қалаларының жағрафиялық дамуы ерекше мәдени үлгілері орын алған түрлі жағрафиялық аймақтарды қалыптастыра отырып, біздің табиғи ресурстарымызды үнемдеуге бағытталған сауда жолдарымен тығыз байланысты. Қазба байлық өндірісі, табиғи ортаны және байырғы халық құқығын қорғаумен байланысты жаңа заманауи алаңдаушылықпен осы жайтты жалғастыра отырып, ұлт ретінде де, әлеуметтанулық дәстүр ретінде де ерекше екенімізді байқаймыз. Дегенмен, Канадада «ерекше» болып көрінетін нәрсе жергілікті контекст және мәселелермен өзара әрекет ететін жаһандық күштермен бетпе-бет кездесетін басқа да елдермен салыстырудың негізгі нүктелері ретінде қызмет етуі мүмкін.

1960 және 1970 жылдары толық институттанған жаңа пән ретінде канадалық әлеуметтану маркстіл радикализмге ерекше жақын болды, себебі ғылым бастауындағы ірі тұлғалар әлеуметтік-саяси конфликт кезеңінде қалыптасқан еді. Пәніміздегі осы аса «сыни» бағдар әлі де басымдыққа ие. Бұл саясат пен саясатқа қатысуына және дәстүрлі саясаткерлердің ренішіне алып келуде. Мысалы, алдын алу үшін лаңкестіктің

негізгі себептерін қосымша зерттеу үндеуін қолдамастан Канаданың консервативті экс премьер-министрі Стивен Харпер «бұл әлеуметтанумен айналысатын уақыт емес» деп масқара болған. Айтылған пікір Канада әлеуметтану қауымдастығы жүргізетін әлеуметтанулық зерттеулер маңыздылығына күмән келтіріп, 2015 жылы канадалық әлеуметтанушылар үшін шайқас ұранына айналған “Commit Sociology” футболкаларын сата бастады.

Канада әлеуметтануындағы сыни элемент Майкл Буравойдың қоғамдық әлеуметтануына сезімтал аудиторияны қалыптастырды¹⁰. Канадалық әлеуметтанушылардың бір бөлігі оны қолдаса, екінші жартысы қоғамға бағытталған зерттеулерге ұмтылысында Буравой алысқа бара қоймады деп сенді¹¹. Кейбірі, тіпті, кәсіби ірге маңыздылығын меңзей отырып, қоғамдық әлеуметтану идеясының өзін жоққа шығарды. Скотт Дэвис бір жағынан, әлеуметтанушылар, ал, екінші жағынан, догмалық сыни теоретиктер арасында бір жолға «пәндік ажырасуды» талап етті¹². Канадалық феминисткалар Буравой үндеуі өзекті әлеуметтік мәселелерді шешу үшін қоғаммен жұмыс жасауымызда көмектесе алуы мүмкін потенциалды жеке және мемлекет қаржыландыратын серіктестік қарым-қатынасты ескермегендігін көрсетті¹³.

Шындығында, Харпер үкіметінің консервативті күн тәртібінен қоғамдық мәселелерді, әсіресе, байырғы халыққа қатысты – шешу бойынша федералды шаралардың арту әлеуеті жоғары Джастин Трюдо либерализміне өтуіміз айқын. Әлеуметтанушылар Канадада мемлекетпен сыни серіктестік пен үнемі диалогта жалғыз қалған сенімді қоғамдық әлеуметтануға сенім артса болады.

Әлеуметтану соғысы бүгінге дейін жалғасып, пән жағдайы туралы қауіп алдыңғы шекте қалуда. Уильям Кэрролл әлеуметтік ғылым саласындағы басқа пәндер сияқты әлеуметтану да біріккен сыни реализмді транспәндік байланыстырушымен алмастырылуы қажет деген пікір білдірді¹⁴. 2015 жылы осы құжат Канада әлеуметтануына шолудың үздік әлеуметтанулық мақаласы атануы негізгі мәдени ағымдарды көрсетеді, себебі Канададағы көп әлеуметтанушы пәндік сәйкестігі мен міндеттерінен бас тартуға дайын.

Бұл, салыстырмалы түрде, ғылымның ашық формасын іздейтіндер, бірақ пәндік артықшылықты саудалағысыкелмейтіндер үшін кедергі болмақ. Басым бөлігінің пікіріне сай, жақында жүргізілген үздік зерттеулер пәндер тек интеллектуалды бункерлер ретінде ғана әрекет етеді деген әйгілі пікірдің дұрыстығын көрсетеді: шындығында, пәндер зор нәтижелілікпен өз білімдерімен бөліседі¹⁵. Дегенмен, силос сияқты пәндер риторикасында «полиция» зияткерлерінің өлуі қиын сияқты¹⁶. Пәндер, шындығында да, білім өндірісін тежеуге бағытталған дегеннің өзінде оны жақсартуға қыруар еңбек етіп жатқандығын жоққа шығара алмаймыз. Жеке пән (мүмкіндігі асырылған) және ортақ транспәндік (утопиялық) арасында таңдау жасауға мәжбүрлеуден гөрі компромистерді мойындай отырып және кемшіліктерден арылу мақсатымен осы идеалдар аралығында жұмыс

>>>

жасаған нәтижелі болар еді¹⁷.

Пән туралы ой толғау пайдалы болғанымен, ол риторикалық және идеологиялық аргументтерге айналуы және эмпириялық әлеуметтану жүзеге асыратын маңызды міндеттерден алшақтатуы мүмкін. Бірақ ғылым канадалық әлеуметтану «қаңқасын» эмпириялық және тарихи ұғынуды ұсынады. Жақында Рик Хельмес-Хейс канадалық әлеуметтану тамыры 20 ғасыр басында теологияда жатыр десе¹⁸, Брюс Кертис әлеуметтік ғылымның дамуын «мемлекет құру» кезеңімен байланыстырды¹⁹. Жаңа сандық зерттеулер жұмысқа қабылдаудағы шетелдік және отандық тәжірибелер құрылымындағы өзгерістерді²⁰, гносеологиялық түрлілігімізді көрсететін жұмысымызды²¹ және ұзақ уақыт бойы өзгеріске ұшырап отырған теориялық мектептерімізді қарастырды. Соңғы онжылдықта Пьер Бурдьё шығармашылығы аясында теориялық конвергенция жүріп жатқан сынайлы. Бурдьё ағылшын және француз тілдерінде сөйлейтіндеріміз арасын байланыстыруға көмектесетін теоретик және зерттеуші²². Болашаққа көз тастасак, эмпирия тұрғысынан негізделген пікірталастар «әлеуметтану әлеуметтануы» деп қабылданады.

Канададағы «әлеуметтану соғысы» мәселесі даулы болғанымен де конструктивті нәтижеге қол жеткізілді. Штаттық ғалымдар қызметі қайта жанданып, әлеуметтанушылардың жаңа ұрпағында позитивті көзқарас қалыптастыру жолға қойылуда. Кездесуге келушілер саны артты, ХӘҚ қолдауымен ғылыми-зерттеу кластерлерін құру жоспарлануда. Кездесулерімізде француз тілінің бірнеше сеансы ұйымдастырылады және Канада әлеуметтануына шолу редакторы, доктор Франсуа Деспельто француз тілді болып табылады. Қауымдастық Дороти Смит және канадалық социал-феминисткалар қолдауымен феминисттік әлеуметтанудың қайта жандануымен мақтана алады. Сондай-ақ, зерттеудің жаңа бағдарламасы байырғы халықтың де-отарлануын және олармен достасуды, қоғамдық әлеуметтанушылар қажет болатын басқа да мәселелерді қарастырады.

Канада әлеуметтану қауымдастығы 2018 жылы Торонтода өтетін ХӘҚ Бүкіләлемдік конгресінде әлемнің төрт құбыласынан жиналған әлеуметтанушылармен кездесуді күтуде және аумағы кең салыстырмалы контексте бір-бірінен үйрену жолымен басқа да ұлттық әлеуметтануларды ұғыну және ұсыну үшін диалог жалғасын күметіз. ■

Хаттарды Нил Маклафлинге <ngmclaughlin@gmail.com> жолдауға болады.

¹ Curtis, B. and Weir, L. (2002) "The Succession Question in English Canadian Sociology." *Society/Société*, 26, 3.

² Brym, R. (2003) "The Decline of the Canadian Sociology and Anthropology Association." *Canadian Journal of Sociology*, 28(3): 411-416.

³ McLaughlin, N. (2005) "Canada's Impossible Science: Historical and Institutional Origins of the Coming Crisis in Anglo-Canadian Sociology." *Canadian Journal of Sociology*, 30(1): 1-40.

⁴ O'Malley, P. and Hunt, A. (2013) "Does Sociology Need to be Disciplined?" *Society/Société*, 27(1).

⁵ See volumes 30(4) and 31(1) in the *Canadian Journal of Sociology* for the main comments on McLaughlin's "crisis" article, and his reply (2005-06).

⁶ Warren, J-P (2006) "Sociologizing Alone? Is Anglo-Canadian Sociology really Facing a Crisis?" *Canadian Journal of Sociology*, 31(3): 91-105.

⁷ Cormier, J. (2002) "Nationalism, Activism, and Canadian Sociology." *The American Sociologist*, 33(1): 12-41.

⁸ Warren, J-P (2014) "The end of National Sociological Traditions? The Fates of Sociology in English Canada and French Quebec in a Globalized Field of Science." *International Journal of Canadian Studies*, 50: 87-108.

⁹ Mathews, R. (2014) "Committing Canadian Sociology: Developing a Canadian Sociology and a Sociology of Canada." *Canadian Review of Sociology*, 51(2): 107-127.

¹⁰ Burawoy, M. (2005) "2004 Presidential Address: For Public Sociology." *American Sociological Review*, 70: 4-28.

¹¹ See a special issue on this, edited by Rick Helmes-Hayes, and Neil McLaughlin (2009) "Public Sociology in Canada: Debates, Research, and Historical Context." *Canadian Journal of Sociology*, 34(3): 573-600.

¹² Davies, S. (2009) "Drifting Apart? The Institutional Dynamics awaiting Public Sociology in Canada." *Canadian Journal of Sociology*, 34(3): 623-654.

¹³ Creese, G., McLaren, A. and Pulkingham, J. (2009) "Re-thinking Burawoy: Reflections from Canadian Feminist Sociology." *Canadian Journal of Sociology*, 34(3): 601-622.

¹⁴ Carroll, W. (2013) "Discipline, Field, Nexus: Re-visioning Sociology." *Canadian Review of Sociology*, 50(1): 1-26.

¹⁵ Jacobs, J. (2013) *In Defense of Disciplines*. Chicago, IL: University of Chicago Press.

¹⁶ Curtis, B. (2016) "The Missing Memory of Canadian Sociology: Reflexive Government and the Social Science." *Canadian Review of Sociology*, 53(2): 203-225.

¹⁷ Puddephatt, A. and McLaughlin, N. (2015) "Critical Nexus or Pluralist Discipline? Institutional Ambivalence and the Future of Canadian Sociology." *Canadian Review of Sociology*, 52(3): 310-332.

¹⁸ Helmes-Hayes, R. (2016) "Building the New Jerusalem in Canada's Green and Pleasant Land: The Social Gospel and the Roots of English-Language Academic Sociology in Canada, 1889-1921." *Canadian Journal of Sociology*, 41(1): 1-52.


¹⁹ Curtis, B. (2016), *ibid*.

²⁰ Warren, J-P (2014), *ibid*.

²¹ See Joseph Michalski, "The Epistemological Diversity of Canadian Sociology." *Forthcoming in Canadian Journal of Sociology*.

²² Stokes, A. and McLevey, J. (2016) "From Porter to Bourdieu: The Evolving Specialist Structure of English Canadian Sociology." *Canadian Review of Sociology*, 53(2): 176-202.

> Джон Урри мен оның еңбектерін еске алу



Джон Урри.

Сіз бір адамды ұзақ уақыт бойы білгенде, ол адамды оның жұмыстарынан бөлек елестете алмайсыз, олай істеп көрудің де қажеті жоқ. Джон Урри тек еңбектері арқылы ғана емес, сонымен қатар академиялық мансап жолымен үлгі болып та әлеуметтік ғылымға ат салысты.

Ол нәтижелі зерттеуші мен ұстаз болу үшін барлығынан биік тұрып, өзін «салиқалы» ұстауға тырысып және хатты қиын стильмен жазудың қажеттілігі жоқ екенін көрсетті. Одан ешқандай жасандылық пен өз статусына деген алаңдаушылықты көрмейсің; еркін де кішіпейіл әрекеттері оның сыншыл ақылы мен жұмысқа деген айрықша талпынысымен қарама-қайшы келетін. Ол жалмаудан гөрі тұрғызуға көбірек қызығушылық танытты; ол сыни көзқараспен қарағанымен, ешқашан кекесінді ескерту жасамайтын; ол қолайлы жолмен келісе алмайтын, және де оны қашанда хатында да, басқа да жұмысында ашық іркілмей көрсететін. Ол жас зерттеушілерді интеллектілі саяхатқа қосуда ынталандыра алатын және өзіне тарта алатын айрықша ғалым болды.

Джон Урриде зерттеуге деген сүйіспеншілік, әлеуметтануда жаңа пәндер мен жаңа ойлау әдістерді ашуда ерекше интеллектуалды құлшыныс болды — ол мейлі кеңістік, уақыт, капитализмнің дезинтеграциясы, туризм, табиғат, мобильділік, климаттың өзгеруі, мейлі 3D баспаның әлеуметтік салдары сияқты нақтырақ тақырыптар болсын.

>>

Ол әлеуметтану қалаушыларының сөзшендігімен қызыққан емес, бірақ өзін қызықтыратын тақырыптарды сипаттайтын кез келген теориялық концептіге ашық болды. Басқа әлеуметтанушылар негізгі күн тәртібіне көп мән берсе, ол туризм, мобильділік пен «офшоринг» сияқты әлеуметтік дамуды жете түсінетін. Әлеуметтік теория Урри үшін жаңа тақырыптарда қолданылуы және жетілдірілуі тиіс.

Мен оның қосқан үлестерін талқылауды осы қысқа бөлікке сыйғыза алмайтындықтан, тек екі кезеңге түсінік беріп кетейін – бірі оның мансабының басы болса, екіншісі аяғы. 1970 жылдың орталарында біздің критикалық реализм, саяси экономия, әлеуметтік теория мен кеңістікке деген қызығушылықтарымыз үйлескен кезде, мен оның жұмыстарымен алғаш таныстым. Экономикалық география ортасынан шыққан көптің бірі ретінде, мен де әлеуметтік теориямен әрекеттесу жолын іздедім. Джон географияда талпыныс жасап, қарама-қарсы бағытта келе жатты. Грегори мен Урридің Әлеуметтік қарым-қатынас пен кеңістіктік құрылым еңбегінде осы қақтығыстың теориялық салдары зерттелген. Мансабының кейінгі кезеңдерінде (әсіресе, елді мекендер, мобильділік мен офшоринг туралы жұмыстарында) Джон кеңістік пен қоғам аралығындағы қарым-қатынасты қайта ойластырып жалғастыра түсті.

70 жылдардың аяғы мен 80 жылдардың басында британиялық әлеуметтік ғылымдардың көп бөлігі радикалды марксизмге бой ұрды және Джон ашық, догмаға негізделмеген және нәтижелі түрде оған қызығушылық танытқандардың бірі болды. Сол кезде Социалистік экономистер конференциясы радикалды ғылыми зерттеулер мен ауқымды тақырыптар төңірегінде талқылауларды тұрақты түрде демалыс сайын семинарлар ретінде жүргізіп, қарастырылуын қамтамасыз етіп отырды. Бұл елдің түкпір-түкпірінен зерттеушілер мен белсенділерді жұмылдырды. Дәл осындай топтарда (CSE Regionalism Group) мен алғаш рет Джонды кездестірдім. «Ланкастер аймақшылдық топ» Ұлыбританиядағы нақты елді мекендерде не болып жатқанын зерттеуге арналған радикалды теорияларды зерттейтін бірнеше зерттеу топтарының бірі болды. Бұл «аймақтық зерттеулер» капитализм өзгеруі туралы дебаттар төңірегінде өткізілді, олардың көбісі жаңа дәуірді «постфордтық» деп сипаттады. Сол екі арада, біз қазір көре алатынымыздай, соңғысы финансиализация мен неолиберализм сияқты маңызды оқиғалардан назарды басқа жаққа аудару болды. Джон мен оның әріптесі Скотт Лэш Белгілер мен кеңістік экономикасы мен Ұйымдастырылған капитализм соңы еңбектерінде капитализм келбетінің өзгерісіне әртүрлі және біртұма барлау жүргізу

үшін теориялық және эмпириялық зерттеулерді біріктірді. Соңғы бес жылда ауа райының өзгеруі, қорлар мен қоғам мәселелеріне байланысты үш кітап басып шығарған: Климаттың өзгеруі және қоғам, Мұнайдан тыс қоғамдар, Офшоринг. Скотт Лэштың айтуынша, Джонды әрқашан да әлеуметтік болашақ аса қызықтырды және жақында ғана ол Ланкастер университеті ішінде Әлеуметтік болашақ институтын ашуға көмектескен еді.

Климаттың өзгеруі адамзаттың алдында тұрған ең үлкен мәселе болып табылады. Капитализм мен қоғамның келешегі туралы жақында шыққан кітаптардың көбісінде жаһандық жылымық туралы аз ғана айтылғанымен, Джон қазіргі заманның дамуы үшін қазбалы отынның маңыздылығын мойындаған және климаттың өзгеруінің күнделікті өмірге алып келетін зардабын ойлайтын алғашқы әлеуметтанушы. Көбіміз зерттеуімізді алдыға айдағанымызбен, сол уақытта өткенді зерттеп, артқы айнамызға қараймыз, Джон да алдыға қарайтын. Басқа әлемдердің, жақсырақ не жаманырақ болсын, өмір сүруі әбден мүмкін, ол әлеуметтанушылар ол туралы ойлай да, бағалай да алатынын өз әрекетімен көрсетті. Осы қауіпсіз заманда мен Джон Урри көрсеткен үлгінің артынан еретініме сенемін. ■

Эндрю Сейер, Ланкастер университеті, Ұлыбритания

> Джон Урри – болашақтың әлеуметтанушысы



Әлеуметтік болашақ институты директорларының кездесуі, Ланкастер, 2015.

Жақында ғана өмірден өткен Джон Урридің шамамен жиырмадай кітабы басылып шыққан және олардың көбісінің ықпалы жоғары, сонымен қатар ол Ұлыбританияда ең көп дәйексөз жасалынған әлеуметтанушы болды. Кембридж университетін бітіргеннен кейін, Джон мансабын Ланкастер университетінде өткізді. Сол оқу орнында 1977-1998 жылдар аралығында біз онымен әріптес болдық. Біз бірге екі кітап шығардық: Ұйымдастырылған капитализм соңы (1987) және Белгілер мен кеңістік экономикасы (1994). Екі еңбек те болашақ тағырыбын қозғады, себебі көбіне Джон футуролог болып еді.

PhD студент ретінде Джон мен Боб Джессоп Кембридж университетінде Джон Данның төңкеріс жайындағы семинарында болды. Әлемдегі ең атақты Гоббс атағына ие болған Квентин Скиннер семинарға өз септігін тигізді. Эсхатологиялық өлшемдері бар төңкерістер қалай болғанда да болашақтың еншісінде.

Гоббс атағы мемлекеттік билік мағынасын берді. Мүмкін осы төңкеріс пен мемлекет тәрізді ықпалдар Джонға шынымен де мемлекеттік биліктің шындығын сезінуге мүмкіндік берген болар.

1975 жылы Джон және Рассел Кит белгілі «шынайылық» негізіне құралған әлеуметтанулық эпистемология жайлы Әлеуметтік теория ғылым ретінде атты еңбегін басып шығарды. «Шынайылық» әлеуметтік агенттердің тап болған жағдайы емес, эмпириялық қоғамдық қарым-қатынастарды анықтайтын терең құрылымдар шынайы болып табылады. Бұл 1970 жылдардағы Луи Альтюссердің маркстік структурализмі ықпалындағы әлеуметтанулық структурализм болды. Бірақ маркстік структурализм экономикалық базиске негізделген болса, ал Урридің структурализмі әлеуметтік құрылымдардың жалпы жиынтығымен сипатталды. Оған күнделікті эмпириялық тәжірибені ғана анықтап қоймай, сонымен қатар әлеуметтік өзгеріс пен болашақтағы

әлеуметтік қарым-қатынасқа себепші болып, құрылымдық себептік байланыс түсінігін енгізді.

Ұйымдастырылған капитализм соңы және Белгілер мен кеңістік экономикасы басқа ғалымдармен жағымды қабылданып, жиі дәйексөз ретінде қолданылды және басқаларға әсер етті. Солардың ішінде Дэвид Харви мен Мануэль Кастельс те бар. Ұйымдастырылған капитализм соңы еңбегінде капиталдың жинақталуы талқыланады, алайда капитализмнің жаңа дәуірінде ол әлеуметтік және институттық ұйымдармен емес, әлеуметтік фрагменттеумен басқарылады. Джон екеуіміз бұл дәлелді басқа қырынан қарастырдық.

Мен капиталистік ұйымдаспағандыққа орталық (кәсіподақ және жұмысшылар федерациясы) ұжымдық келіссөздерді тарату көзқарасынан келдім. Джон капитализмнің 1980 жылдан кейінгі кезеңін көбірек қозғалыс пен ағын, және не өткен, не осы шаққа, не болашаққа бағытталмаған уақыт көзқарасымен көрді. Осылайша

кітапқа Джонның уақыт пен адамдардың туризм саласындағы қозғалысы туралы тараулары дәл уақытында қосылды. Бұл аргумент кейін Урридің Саяхатшының сырттай көзқарасы атты еңбегінде толығымен жетілдіріледі, сөйтіп, бұл кітап туризм әлеуметтануының бастамасы болды.

1980 жылдардың соңында Джон Дерек Грегоримен Әлеуметтік қарым-қатынас пен кеңістіктік құрылым еңбегін редакциялайды. Бұл жобаның негізгі дем берушісі Дорин Мэсси болды және оның «қайта құрылымдау», «құнды қалыптастыру тізбектері» атты идеялары жобаға көп көмегін тигізеді. Құнды қалыптастыру тізбектері тауар жеткізілімін қадағалайтын еді, айталық, Оңтүстік Америкада бастапқы материал шығатын болса, ал, мысалы, Мексикада оның дайын өнімге айналу процесі жүріп, оны жарнамалау, маркетинг пен таратылу Еуропа немесе АҚШ-та қарастырылады. Бұл құнды қалыптастыру тізбектері «созылып», уақыт пен кеңістікте бұрын-соңды кездеспеген алыс қашықтықтарды қосады. Олар Гидденстің «кеңістік-уақыттың қашықтығы» және Харвидің «кеңістік-уақыттың сығылысуы» атты түсініктеріне эмпириялық нұсқасын береді.

Джон екеуміз Белгілер мен кеңістік экономикасы еңбегінде жаһандық ағындар әлеуметтануының негізін қалаушы бастамасының толығырақ нұсқасына тоқталғанбыз. Кастельс алдағы өткен құрылымдар қоғамының жаңа жаһанданған қоғам «ағындарына» біршама ағындар қатарын енгізіп қарастыруды әлдеқашан бастап кеткен: капитал ағымдары, еңбек мобильділігі, тұтынау заттары мен тауарлары, экологиялық улар немесе «жаман» ақпараттар мен коммуникация ағындары.

Джон 1990 жылдан бастап өмірінің соңына дейін зерттеулерінің басты тақырыбы болған «әлеуметтік мобильділікті» әрі қарай дамытты. Ол туризм саласындағы адамдардың бір жерден екінші жерге орына ауыстыруына қызығушылық танытты. Сонымен қатар мобильділік туралы жазылған әрбір еңбегінде қызықты және қажетті болып табылатын «автомобильділік» туралы бір бөлім қосып отырды. Мұнда біз әлемді технологиялық тұрғыдан қарастырылған автомобильдің призмасы арқылы көреміз.

Джон содан кейін мобильділік немесе ағын тақырыптарына қайта оралып, климаттың өзгеруі туралы біршама кітаптар топтамасын жазды.

Мен әрқашан Джонның сол жағында болдым, бірақ шамамен 2010 жылдан бастап ол капитализмнің қатты сынады. Мысал ретінде оның соңғы Офшоринг кітабын айтсақ болады. Менің әлеуметтанушылар мен бірқатар экономистер шақырылған, Шанхайда ұйымдастырған Ұлыбритания Зерттеу кеңесі конференциясы есімде. Оған атақты, неолиберал, тіпті климат-скептик француз экономисті қатысты. Джон өзінің 60 жастың ортасына келгеніне қарамастан, 25 жасқа тән құштарлықпен онымен күреске түсті. Джон болашақтың әлеуметтанушысы еді. Мен оны екеуміз де шамамен 30 жаста болған кезде кезіктірдім. Келесі 21 жылда біз әріптес әрі жақын дос болдық. Джонның соңғы үш жылда әріптесі болған Сильвия Уолбидің айтуынша, Джон мені сезікті интеллект, бақылаудан шығып кетуге дайын қуат ретінде қарастырыпты. Осы мендегі қуатқа біраз құрылым қойғаны үшін Джонға шексіз қарыздармын. Джонның жаңа қуат көзіне деген құштарлығы кез келген адамды сүйсіндіреді. Мен оны сағындым. Біз оны сағынатын боламыз. ■

Скотт Лэш, Голдсмитс, Лондон университеті, Ұлыбритания

> Джон Урри:

әлеуметтанушылардың әлеуметтанушысы



Төмен көміртеккі инновациялар конференциясы, Шэньчжэн қаласы, Қытай, 2016.

Джон Урридің күтпеген жерден өмірден кетуі оның отбасын, достарын және әріптестерін дүр сілкіндірді. Екеуіміздің алғаш байланысымыз студент ретінде 1967-1970 жылдары Кэмбридж Университетінде қалыптасты. Кейінірек Экономист-социалисттер конференциясында, әлеуметтану конклавтарында, және де 1990 жылы Ланкастер университетінің әлеуметтану кафедрасында әріптес ретіне қайтадан қауышып, қызығушылығымыз бен бақылауымызды бөлістік.

Джон Урри Кэмбриджтегі Кристи колледжінде екі жерде, яғни экономика мен саясат бағыттарында жұмыс жасады. Ол жерде Нобель сыйлығы иегері, экономист Джеймс Мидтен тәлім алды. Ол кезде Кэмбриджте Джон Мэйнардтың жұмыстарына әлі де мұқият көңіл бөлетін және неортодоксалдық экономиканың саяси экономияда орны бар жылдар еді. Сол кезде Джон Экономика және саясат факультетінде (ол кезде Кэмбрижде Әлеуметтік және саяси бағыт болмады) депривация және революция тақырыбы бойынша докторлық жұмысын қолға алды. Көмек ретінде Ұлыбритания Әлеуметтанулық зерттеулер кеңесі оған шәкіртақы ұсынды. Бұл сэр Кит Джозеф алдында болды. Ол Тэтчердің айуандықпен танылған Білім және ғылым саласындағы министрі еді. Кит Джозеф отбасы кедейлігі тауқыметі туралы циклдік мәдени теориясын қажеттілігі жоқ деп танып, әлеуметтанушыларға ренжулі болды. Әлеуметтануды ғылым ретінде мойындамай, Әлеуметтанулық зерттеулер кеңесін Экономикалық және қоғамдық зерттеу кеңесі ретінде (ЭҚЗК) өзгертуге ұсыныс тастаған. Бірнеше жылдан кейін Джон Профессорлардың мемлекеттік төрайымы және Әлеуметтану ұйымының

жетекшісі (1989-92) болып, әлеуметтік ғылымдарды осындай шабуылдардан қорғап жүрді. 1999 жылы Ұлыбританияның Мемлекеттік ғылым академиясына, Әлеуметтік ғылымдардағы Қоғам және практиктерді зерттеу ұйымдарының қызметіне көмегін берді.

1970 жылы докторлық оқуын бітірмей тұрып, Джон Ланкастерде әлеуметтану бойынша дәріс жүргізе бастады. Ол 46 жылдық толассыз жұмысының арқасында, бөлімде зерттеудің мықты және икемді мәдениетін енгізді. Оны өз жұмыстары мен университет құрылымын институционализациялау арқылы жүзеге асырды. 1970 жылдарындағы ғылыми-техникалық революцияның шарықтаған кезінде және солшылдар көзқарасы әсерінің өршіген кезінде, университеттер үлкен өзгерістерге ұшырады және ғалымдарға қоятын талаптар күрт өсті. Бірақ Джон әрқашан білімге деген құштарлығын, әуестілігін, әлеуметтік өзгерістерге қызығушылығын жоғалтқан емес, сондықтан да болар жаңа пәндер мен ойлау тәсілдерін қазбалап зерттеуде зияткерлік қажеттілігін алып отырды. Әсіресе билік, әлеуметтік теория, кеңістік, уақыт, жергіліктілік пен аудандастыру, ұйымдастырылмаған капитализм, бос уақыт және туризм, табиғат және қоршаған орта, мобильділік, жаһандық қоғамның күрделілігі, энергетикалық пайдалану және климаттың өзгеруі, қалалық дизайн, әлеуметтік салдарды 3-D басып шығару, және соңғы кезде қазіргі болашақ пен келешектегі болашақ мәселелеріне қатты қызығушылық танытты. Осы аталған қызығушылықтарының көбісі Ланкастер университетінде Әлеуметтік болашақ институтын құруға күш берді.

Скотт Лэш және Эндрю Сейер осы арнайы шаралық басылымға Джон Урри өмірі жайлы өздерінің жігерлендіретін жұмыстарын ұсынды. Менің жеке сүйіспеншілігімді арбаған Джонның терең және жан-жақты, Рассел Китпен бірге шығарған Ғылым ретіндегі әлеуметтік теория еңбегі (1975 және 2015 жылы қайта басылды) болды. Оның еңбегі мені қызықтырғаны соншалық, оның теориялық траекториясы менің әлеуметтік ғылымдар философиясы еңбегіме енгізілді. Дегенмен, теориялық және тәуелсіз пікірталастар өзгерістерімен әрқашан хабардар жүретін Джон, зияткерлікке қосылған қосымша құн туралы көп оқып, сұрастыратын. Олардың қандай жаңа идеялар әкеле алатындығын, қандай ауытқулар және қандай жаңалықтар ашатынын, және де оның қайда алып келетіні туралы зерделеді. Оның қызығушылығы табиғат пен жаратылыстану ғылымдар байланысы қарастырылып болды. Сонымен қатар, Ланкастердің әлеуметтану бөлімін сипаттайтын, «пост-дисциплиналық» әдістің мықты ұстанымын бейнеледі. Бұл оның пәндер, парадигмалар және эпистемологиялық қауым арақатынасын орнатуда қабілетін көрсетті: біршама студенттермен және ғалымдармен, олардың догматик емес және демократикалық әдістерімен қызмет ету, ғалымдарды жігерлендіру, және өзінің қызығушылығы мен жобаларын ынталандыру, жұмыстарының артынан еруіне және де жаңа ойларды ұсыну.

Үздік әлеуметтанушы болудың және әлеуметтанушы болып қалудың көптеген жолдары бар. Джон олардың көпшілігінен ерекшеленіп тұрды. Алайда ол ешқашан билікке бағынып немесе оны зияткерлік тұтастыққа құрбан етіп, танымал болуды аңдымады. Урри өзінің адалдығы мен сыни міндеттемесінде «жергілікті» жұбатушы болды және әрқашан студенттер мен әріптестеріне қолдау көрсетті. Дегенмен, Элвин Гоулднердің ұйымдастырушылық бірегейліктердің арасындағы ерекшелікті жалғастырсақ, ол жаһандық зияткерлік қатысумен «космополиттік» тең дәрежеде болды. Оның мүдделері мен жобалары табиғи және әлеуметтік әлемдерді қамтыды және оның әсері

жеке желілер мен пайда болып жатқан пікірталастарға уақытылы араласуы арқылы әлемге қанат жайды.

Джон әлеуметтанушылардың ішіндегі «әлеуметтанушы» еді, өзінің жұмысын жетік білді және сыйлады, әлеуметтануды әрі қарай дамытуға талпынды. Ол ультразаманауи инновацияларымен және саясаткерлердің сын пікірлеріне қарсы шығуымен танымал еді. Джон Урридің әлеуметтану ғылымын кең ауқымдағы пәнге айналдырып, жаңа деңгейге шығаратындай өзгелерден жат өзіндік қажымас интеллектуалды рухы болды. Оның шексіз әуесқойлығы әр түрлі салаларды біріктіріп және зерттеу мен стратегиялық пікірталасқа жаңа бастама болып, мобильді өмір қалыптастырды. Джон, шынымен де, әлеуметтік үрдісті бейнелеп және инновациялық жұмыс қалыптастырып, әлеуметтік ғылымдардың теориялық, эмпириялық пен қолданбалы салаларының алдыңғы қатарында жұмыс жасады.

Оның қоғамдық ғылымдардағы теориялық, эмпирикалық жұмыстары социологиядағы тенденцияларды жаңа инновациялық жолдармен айқын көрсетті. Таң қаларлығы Джон өзінің жазған жұмыстарында бірлесіп жұмыс істеу, халықаралық желілер, зерттеуді ұйымдастыру, қоғамдық ғылымдарды ілгерілетудегі келіссөздер секілді тақырыптарға кеңінен тоқталып, мол жетістіктерге жетті. Тағы да таңғалайтын жайт Джон осының барлығын еркін, дархан, қолғабыс беруге әрқашан ашық және кішіпейіл іс-әрекетін жоғалтпай жүзеге асырып отырды.

Джон Урри де Райт Миллс сияқты (Әлеуметтанулық қиял классикалық еңбегінің авторы, 1959) ержүрек ақыл болды, ол дұрыс деп қабылданатын іс-әрекеттерден жылжып, қате деп танылуы мүмкін, қиындығы мол жұмыстарда көңіл бөлуді ұсынды. Соңғы жылдары адамзат пен ғаламшар болашағы үшін маңызды өзекті мәселелер төңірегіндегі пікірталастарда қоғамдық зияткер ретінде белсенділік танытты. Ең алдымен ол ұлағатты әріптес болды, оның әсері өзі шабыттандырып, жалғасып жатқан жұмыстар мен пікірталастарда әрі қарай өмір сүрмек. ■

Боб Джексон, Ланкастер университеті, Ұлыбритания

> Жақынырақ танысу және мобильділік: Урриді еске алу



«Болашақ қаласы: ақылдылар немесе бақыттылар?» конференциясы, Ланкастер, 2016.

Британдық социолог Джон Урри, екіншік орай, наурыз айында, «Мобильділіктің жаңа парадигмасын мобилизациялау» атты бірге жазылған шығарманың Қолдануға жарамды мобильділік жаңа журналында басылуын тойлау кезінде өмірден өтті. Мақалада соңғы он жылдағы қоғамдық ғылымдарға мобильділік парадигмасының ықпалын бағалаған едік. Сонымен қатар біз бірге «мобильділік бетбұрысы» мен «кеңістіктік бетбұрыс» қатынасы туралы *Surgent Sociology* журналына эссе жазу үстінде едік. Мен өзімді Джонмен кеңістік және мобильділік туралы ойларының пайда болу себептері және оның әлеуметтануға пән ретінде қарым-қатынасы жайлы сұхбаттасуға мүмкіндігім болғаны үшін ризамын.

1998 жылы менің Ланкастер университетінің Әлеуметтану факультетіне түсуімнің басты себебі де Джон Урридің сонда еңбек етуі болды. Өзінің бірігіп жұмыс істеудегі қабілеттерінің және трансдисциплинарлық қоғам құра алатындығының арқасында Джон Солтүстік-батыс Англияға ондаған аспирант, постдокторларды, ғалымдарды және жаңа оқытушыларды тартты. Бірлесіп бірнеше мақала жазғаннан кейін, біз 2003 жылы Ланкастерде Мобильділікті зерттейтін орталық аштық. Кейінгі жылдары біз Баламалы мобильділік болашағы атты кіріспе конференция ұйымдастырдық. Кевин Ханнаммен бірге Мобильділік журналының негізін қаладық. «Материялылық пен мобильділікке» негізделген Қоршаған орта және А жоспарлауы арнайы

басылымында авторлас болдық және Қаланың мобильді технологиялары басылымын бірге редакцияладық. Аталған жұмыстарда кеңістіктік масштабта ойлау, пәнаралық шекараларды жою, материялылық пен темпоральділікті зерттеу, «отырған» ұлттық және әлеуметтік шеңберден шығу, сонымен қатар «мобильділік» басқа әлеуметтік ғылымдарға басқа көрініс қырын қамтамасыз етер ме деген мәселелер негізіндегі жұмыстарға аса ден қойылды. Басқа көрініс ретінде ғылымның ашығырақ, жан-жақтырақ, басқа салаларға ниеті көбірек, өмір үшін маңыздырақ болуын білдіргені еді.

Мен Джонмен жақында болған, әлеуметтік теорияның кеңістіктік бетбұрысындағы мобильділіктің пайда болуы туралы әңгімеміз үшін ризамын. Ол әңгіме 1974

>>

жылғы Лефегбраның «Le production de l'espace» атты еңбегінен бастау алып, жақында өмірден озған кеменгер Дорин Мэсси негізін қалаған британдық пікірталастар туралы өрбіген еді. Оның 1984 жылы жарыққа шыққан Еңбектің кеңістіктік бөлінісі атты еңбегінде капиталдың күрделі және әртүрлі қозғалысы және бір жерде жинақталу нәтижелері зерттелді. Кейін 1985 жылы артынан Грегори және Урридің Қоғамдық қарым-қатынастар мен кеңістіктік құрылымдар еңбегімен жалғасты. Бұл еңбек Харви, Гидденс, Мэсси, Пред және Сэйердің географиялық пен әлеуметтанулық үлестерін біріктірді. Бұл жинақты Джон «адамдардың асықпай бір жерден екінші жерге орын ауыстыруы» деп хабарлап, идея ары қарай Саяхатшының сырттай көзқарасы (1990) жұмысында дамыды. Сонымен қатар көп мәрте мобильділік пен оның кеңістіктік салдары идеясы Урри мен Лэш бірігіп талқылаған Басқарушы капитализмнің соңы (1987), Таңбалар мен кеңістік экономикасы (1994) еңбектерінде көрініс тапты. Джон Урридің ертеректе жарыққа шыққан Әлеуметтанулық теория ғылым ретінде (1975, Рассел Китпен) және Капиталистік қоғам анатомиясы (1981) кітаптары да теориялық қосқан үлесімен маңызды болып табылады. 1990 жылдардың ортасына қарай, “ағын” және “желі” кеңістігі теориясы Кастельстің 1996 жылғы Желілік қоғам трилогиясында аса маңыздылыққа ие болып, мыңжылдық тұсында «мобильділік» ұғымы негізгі

терминге айналды. Урридің Қоғамдар шегінен тысқары әлеуметтану еңбегі пайда болып жатқан кеңістіктік әлеуметтік ғылымға немесе «мобильді әлеуметтануға» негізгі түсінік ретінде мобильділікке деген көңілді біріктіруге көмектесті. Бұл әдістің соңғы он бес жылда беделдігі, кем дегенде, АҚШ шеңберінен тыс үсті-үстіне артып отырды.

Мобильділікке акценттің ауысуы 1980 жылдардың басында Polity Press баспасында шыққан, Қоршаған орта мен Джоспарлауы: қоғам мен кеңістік және Теория, мәдениет пен қоғам журналдардың ашуымен сәйкес келді. Джон бұл басылымдарды постпәндік қоғамдық ғылымды және әлеуметтік теорияны дамытудың бір қыры ретінде сипаттады, сонымен қатар бұл Тэтчер үкіметінің жоғары оқу орындарға және университеттегі қоғамдық ғылымдарды қысқарту шараларына қарсы тұру мақсатында берген жауабы болды.

Джон сондай-ақ өз жұмыстарын АҚШ қоғамдық ғылымына да, «британдық эмпиризмге де» қарсы ретінде сипаттады. Менің ойымша, АҚШ-тың Джон Урри жұмыстарына антипозитивистік және сыни көзқарасын олардың Америкалық әлеуметтану ассоциациясы мен әлеуметтану бөлімдерінің жаңа мобильділік парадигмасын ашық мойындамауымен түсіндіруге болады.

«Жаңа парадигма» деп жариялап, көкіректенуге болатындығына қарамастан, Джон өте қарапайым және ешқашан жетістіктерімен

мақтанбайтын еді. Джон антиэлиталық және антинеолибералдық көзқарасты ұстанды. Бұл оның күнделікті қарым-қатынасынан және бір түсті символикалық жұмыс киімінен де көрінді. Әдетте ол көк мақта-мата көйлек, көк пенжек пен шалбар, галстук тақпай, ашық мойынмен жүруді ұнататын. Урри соңына дейін иерархия немесе мәртебе іздеуге шыдамсыздық танытып, теңдіктің жақтасы болды. Джон бүкіл дүние жүзінен келген студенттерді әрқашан жылы жүзбен қарсы алатын, барлығының үстел үстінде отырғанын қалайтын.

Джон Урри мобильдік әлеуметтанудың жаңа түрін ойлап тапты. Ол бойынша, пән шеңберінен шыға алады, зияткерлік құрылымдардың жаңа түрлерін қолдануға, сонымен қатар әлемде әлеуметтанудың өзектілігін қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді, өйткені бұл маңызды қоғамдық мәселелерді шешуге жол ашады, соның ішінде – климаттың өзгеруі, пайдалы қазбалардың игерілуі, экномиканың көлеңкелі жақтарын зерттейтін жаңа парадигма дүниеге келді. Урридің жаңа мобильділік парадигмасы америкалық және британдық әлеуметтік ғылымдарының сандық эмпириялық дәстүрінен гөрі жұмысын жалғастырып, ғылыми мекемелер, кәсіби ұйымдар иерархиясымен және неолибералды университеттің пәндік жабылуымен қарсы күресуде. Әлеуметтану Урридің жасап кеткен әрекеттерін жалғастырса, әрі қарай биікке көтерілер еді. ■

Мими Шеллер, Дрексель университеті, АҚШ

> Жыныстық зорлыққа қарсы студенттік кампаниялар

Ана Виду, Барселона университеті, ХӘҚ экономика және қоғам жөніндегі зерттеу комитетінің мүшесі (RC02) және **Тинка Шуберта**, Лойола университеті, Андалусия, ХӘҚ қоғамдағы әйелдер жөніндегі зерттеу комитетінің мүшесі (RC32)¹



Арбудың иллюстрациясы.

Калифорния-Беркли университеті жыныстық зорлау, шабуылдау туралы өтілетін пікірталастың бұрыннан келе жатқан ірі орталығы болып саналады, жыныстық зорлау жайттарының көптігінен емес, оларға жауап бергені үшін. Өкінішке орай, бұл мәселе біршама жоғары оқу орындарында кездеседі. Осы мәселемен айналысатын колледждердің бірі ретінде КУ (Калифорния университеті) Беркли колледжі жыныстық зорлыққа қарсы күрес үшін студенттердің ерекше жұмылдырылуымен белгілі, бұл қозғалыс басқа кампустарда да орын алды.

КУ Берклидің студенттік топтары гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы, осы күресте оны көшбасшы қылатын жаңа дәстүр енгізді. Бұл мәселе алғаш рет 1970 жылдардың соңында әлеуметтану студенттері бірігіп, Жыныстық алымсақтыққа қарсы әйелдер (ЖАҚӘ) тобын құрған кезде көтерілген еді. Әлеуметтану профессорына қарсы шағымданушы он үш қыз атынан шыққан

қыздар тобы болды. Бұл жағдай алғашқы пайда болған жағдай ретінде, АҚШ-тың жоғары оқу орындарындағы гендерлік зорлық-зомбылыққа деген үнсіздіктің жойылуына себепші болды және колледждердегі жыныстық шабуылдарға қарсы топтардың пайда болуына жол ашты.

1979 жылдағы ЖАҚӘ-нің университетке қарсы берілген федералдық шағымы ең алғашқы мысал бола алады. Мұнда заңның IX тарауы негізге алаынып, академиядағы жыныстық зорлауға қарсы қолданылған. Бірақ ЖАҚӘ бұл әрекетпен тоқталған жоқ. Екі жылдан кейін университетке жаңадан келген студенттерге арналған алғаш бейімделу нұсқасы жасалынды. Бұл мәліметтер студенттерді жыныстық алымсақтықты анықтауға шақырды және осы іс-әрекетті жалпы сипаттап өтті, сонымен қатар құрбан болғандарға кеңесу үшін кімге бару керек екендігі немесе, егер өрескел әрекетке кезіккенде қай жерге барып шағымдана алатыны туралы ақыл-кеңес берілді.

>>

1990 жылдары жыныстық зорлыққа қарсы ұйымдастырылған шаралар және жыныстық зорлық құрбандарынан түскен шағымдар саны айтарлықтай өсті. 2003 жылы «келісімді» жыныстық белсенділікке қажетті шарт ретінде қалыптастыру үшін, «жоқ сөзі жоқ дегенді білдіреді» түсінігі Қылмыстық жыныстық озбырлық актісіне енгізілді.

2010 жылдың басында мемлекеттің түпкір-түпкірінен белсенді студенттердің жаңа когортасы жоғары оқу орындарында шағымдарға жете мән бермейтінін және осынысымен заңның IX тарауының бұзушылығына жол беріліп жатқаны туралы мәлімдеді. Шағымдар америкалық жоғары оқу орындарына қарсы берілді, себебі олар өз студенттерін жыныстық зомбылықтан қорғауға немқұрайлы қараған еді. 2013 жылы Калифорния штатының заң шығарушы органдары КУ Беркли жыныстық алымсақтық пен жыныстық зорлыққа қатысты өз саясатын қайта қарауды талап етті. Бір жылдан кейін, яғни 2014 жылы құрбан болғандар әрқашан «жоқ» деп айта алмайтынын ескере отырып, студенттер «иә сөзі иә дегенді білдіретінін» студенттік кампус заңдарына қосуға ұмтылды, себебі кез келген жыныстық қатынасқа келісімді, саналы және өз еркімен қалаған түрде ғана қатысуы қажет.

2015 жылы университет қауымдастығының қолдауы арқасында студенттер белсенділігі әлдеқайда тартысты бола бастады. Сонымен қатар гендерлік зорлыққа қарсы күрескен колледж мүшелерін көтермеуді де ұмытпады.

Жақында факультет пен бөлім мүшелері тарапынан болған әлеуметтік қысым Берклидің астрономиядан беретін және Нобель сыйлығының лауреаты болған белгілі оқытушысы жыныстық алымсақтыққа қатысты түскен шағымдар үшін жұмыстан кетуіне мәжбүрледі. Осыдан кейін көп ұзамай, Калифорния университеті жыныстық зорлыққа қатысы бар деп айыпталған профессорлармен процедуралық жұмыс жасайтын арнайы комитет құрды.

Америкалық студенттер кампустарындағы жыныстық зорлыққа қарсы күрес қоғамдық белсенділікті арттырды және заңға өзгертулер енгізуге негіз болды. 1979 жылғы ЖАҚӘ әңгімелесу, агрессорларға қарсы және сол агрессорларға шыдамдылық көрсетіп отырған университеттерге қарсы шағымдарды беру арқылы үлгі боларлық жағдай жасап, оның бұл наразылықтары мәнмәтін қалыптастыру үшін аса маңызды болды. Бұл наразылықтар бүкіл ел бойынша қоғамның ақпараттануын жоғарылатып, университеттің кез келген мүшесіне жыныстық алымсақтыққа қарсы жағымсыз мәдениет қалыптастырып, кампус мәдениетін өзгертуге біршама көмектесті. Студенттік кампустарға жыныстық қол сұғушылық қазіргі кезде барлық қоғам үшін өзекті мәселе ретінде танылып отыр. Қоғам кез келген уақытта ресми және бейресми түрде ұйымнан ақыл-кеңес сұрай алады.

Белсенді студенттер Беркли кампусының ішкі саясатын жақсартуға барын салуда, мысалы, кампус алдында әртүрлі қоғамдық мәселелерді шешуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру. Тіпті Беркли қаласындағы автобустардың ішінде жыныстық зорлық-зомбылыққа қатысты әңгімелер айтылып жатады. Кампусте студенттер наразылық білдіруші ретінде көзге түсуі мүмкін, ал гендерлік зорлыққа қарсы әртүрлі шағымдар көрсетілген түрлі түсті футболкалар «көрмесі» әкімшілік ғимарат қасында кезігеді. Кампусте жыныстық алымсақтық туралы дәрістер оқу қалыпты әрекетке айналды және студенттік газеттің алдыңғы беттерінде гендерлік зорлық-зомбылық туралы соңғы жаңалықтар

жарияланып отырады.

АҚШ-та жыныстық зорлыққа қарсы ұлттық және жергілікті конференциялар өткізілді, сонымен қатар қолдау көрсету мақсатында ұлттық бірлестіктер құрылды. Белсенділер және зорлықтан құтылғандар бірігуінен құрылған бір белгілі кампания Кампустағы жыныстық зорлықтың аяқталуы атты бағдарламаға бар күшін салуда. Бұдан басқа бастамалар да бар: Cal TV арнасында Жыныстық алымсақтыққа көзқарас бағдарламасы, Аңшылық алаңы атты деректі фильмі және «Қайта-қайта» романының жазылуы. Саяси арнада АҚШ үкіметі «жыныстық озбырлықпен күресте жалғыз емессің» атты вебсайт ашты. Бұл қорда жинақталған публикациялар, мәліметтер, заңнамалар мектеп оқушылары, студенттер және қызығушылық білдіргендерге ақпарат құралы ретінде көп көмегін тигізеді. Ақ үй және Кампус көшбасшылығының ұлттық кеңесінің өзі бұл мәселені ұлттық деп танып, Бұл біздің арамызда шарасын ақпараттандыруды арттырып, кампустардағы жыныстық зорлықтың алдын алу мақсатында алға жылжытып отырды. Үкіметтің өзі Уәде беру жай сөз емес, мәселенің бақылаушысы ғана болмай, оның шешілуіне де ат салысу қажет екенін мәлімдеді. Бұл жоба университет кампустеріндегі жыныстық зорлыққа төңірегінде мәдениетті өзгерту және әрбір құрбан болғанға материалдық көмек көрсетуге, лайықты түрде ресурстармен қамтамасыз етуге бағытталды.

Беркли және америкалық басқа университеттердегі болып жатқан іс-шаралар жыныстық зорлыққа деген көзқарастың өзгеруіне ғана емес, бүкіл дүние жүзіндегі студенттердің мобилизациялануына алып келді. Аталып өткендей, құрбан болғандар арасындағы мықты тілектестік желісі осы күресті алға бастыруда әлемдегі ең өзектісі болып табылады. Мәселен, Испанияда студенттік топтар агрессорлардың жазасын алу қорқытуларына және федералды құрылымдардың үндемеуін талап етуіне қарамастан, соңғы жылдары белсенділік танытқан. Қазіргі кезде Университеттің гендерлік зорлықтан құрбан болғандары тілектестігі желісі Испанияда мықты қозғалыстың пайда болуына жол ашты. Дегенмен, тіпті осындай кезеңдерде күреске факультет мүшелерінің аз ғана бөлігі қатысып отыр, себебі күреске араласқан жағдайда, олар құғынға ұшыралуы мүмкін. Қауымдастық профессор тарапынан болған жыныстық алымсақтыққа қарсы берілген алғашқы шағымнан сау қалған және белсенділермен құрылған еді.

Институционалдық жауаптың жоқтығымен кезігіп, олар өздерін жұмылдыруға бел байлап, бұқаралық ақпарат құралдарымен келіссөз жүргізді және зардап шеккен студенттердің барлығы үшін жетекшілік етуде. Аталған қауымдастық Испанияның Денсаулық сақтау, Әлеуметтік қызметтер және Теңдік министрлігінің үкімімен «үздік тәжірибе» атауына ие болып, барлық студенттерге, жыныстық зорлық қысымына ұшыраған адамдарға рухани көмек.

АҚШ студенттерінің қоғамдық қозғалысы және гендерлік зорлыққа қатысты мәселелер төңірегіндегі белсенділігі испан мен басқа да жерлердегі кампус студенттеріне дем берді. Мұндай қозғалыстар болашақта күшті қоғамдық келісімі бар, болашақ ұрпаққа лайық университет құруға негіз болады. ■

Хаттарды Ана Видуга <ana.vidu@ub.edu> және Тинка Шубертке <tshubert@ub.edu> жіберуге болады.

¹ Бұл мақала үшін зерттеуді Ана Виду Калифорния университеті, Берклиге барған кезде және Тинка Шуберт Нью-Йорк университеті қаласының Жоғары білім орталығына барғанында жүргізген еді.

> Мондрагонның үшінші жолы:

Шэрон Кэсмирге жауап

Игнасио Санта-Круз Аю, Барселона автономиялық университеті, Эва Алонсо, Барселона университеті, Испания



Мондрагон қаласындағы фреска.
Кристиан Вебер фотографиясы.

қалаушыға айналып, дамудың кері процессіне ұшырайды». Мондрагонның қателеспейтінін есепке алатын болсақ, көптеген сыншыл анализдер – соның ішінде Кэсмирдікі де - Мондрагонның пікірлерінің стандарттық, капиталистік сенімсіз жұмыс жағдайлары бар фирмаға айналғанын дәлелдегісі келеді. Әдетте сынның екі элементі бар: уақытша жұмысшылардың жылдам артуы және еншілес емес халықаралық фирмалардың кеңеюі. Осы мақалада біз Мондрагонды қолдаушылардың өздерінің принциптерінен бас тартудың орнына, ұсынған модельдерін нығайту және кеңейту амалдарын қарастырып жатқанын көрсеткіміз келеді. Біздің зерттеуде үшінші, жаңа бәсекеге қабілетті, капиталистік емес кооператив моделі ұсынылды.


Алпыстан астам жыл бойы сапалы және тұрақты жұмыс орындарын құру Мондрагонның басты мақсаты болды. Оның 2014 жылдық есебіне сәйкес, Мондрагон ұйымы 263 түрлі ұйымдарды біріктірді, оның ішінде 103 кооператив және 125 өндірістік, еншілес компаниялар бар. Бүкіл ұйым 74 117 жұмысшының басын қосты. Мондрагон, тіпті экономикалық құлдырау кезінде де, жаңа жұмыс орындарын ашуға және оларға тұрғылықты түрде қолдау көрсетуге қабілетті болды. Бүгінгі таңда кооперативтік емес жұмыс орындары 3 секторға бөліп қарастырылған: тарату секторы, Испан өнеркәсіптік еншілес және халықаралық өнеркәсіптік еншілес компаниялар.

Кооперативтер туралы зерттеулер жүргізетін ғалымдар ретінде Жаһандық Диалогты кооперативтер жайлы дебатты ашқаны үшін және Шэрон Кэсмирдің, Жаһандық Диалогтың 6.1 басылымында шыққан (наурыз, 2016) бағасына жауап қайтаруға рұқсат бергені үшін алғысымызды білдіреміз.

Испанияның атақты Мондрагон секілді кооперативінің сыншыл коментаторлары жиі пікір таластырады, олардың айтуы бойынша: «Бәсекелестікке тап болған кооперативтер капиталистік фирмаларға немесе фирманың негізін

Мондрагон уақытша жұмыс орындарын кооперативтікке түрлендіру үшін үш түрлі стратегияны қолданады. Тарату секторында Мондрагон МЭСЖ (Марко де ла Эструктура Сосьетарианың Жарғысы) жоспарын қолданады. Мондрагонның Эростық тарату тобынан жаңа топ бөлініп шықты (Капрабо), уақыт өте екі топты біріктіру жөнінде шешім қабылданды. 2009 жылы Эростық бас ассамблея МЭСЖ жоспарын бекітті, яғни барлық жұмысшы топтарына кооперативтік серіктестер болуға мүмкіндік берілді. Осы жоспардың атқарылғандығына қарамастан, Эростық кооператив ауқымды шығындары, жинақталған

>>



Мондрагон кооперативтерінің жаһандық қоршауы.

қарыздарды қайта қаржыландыру сияқты қиын жағдайға тап болды. Бұл әдіс жаңа жұмысшыларды (кооперативтік емес) шақыруға ұтымды болмады.

Екінші стратегия жұмысшыларға қатысушы болуға мүмкіндік беріп, өндірістік еншілес компаниялардың аралас кооперативтерге түрленуіне септігін тигізеді: кооперативтік серіктестік мүшелерінің де, қосымша жұмысшылардың да ұйымдастықтың кеңеюіне ат салысуы. Осындай жағдай бірнеше компанияда орын алды: Майер кооперативі қоғамына тиесілі болған «Майер ферроспласт лимитед» (2012), «Викторио Лусуриаги Усурбия» атындағы кооператив (2004), «Фит автоматив» (2006) және «Викторио Лусуриаги Тэфалла» кооперативі (2008). Аталған компанияларды, өнеркәсіптік еншілес топтарды кооперативтендіруде өзгеше деп те, оқшауланған деп те санауға болмайды.

Үшінші стратегия Баск территориясынан басқа аумақты қамтиды, себебі бұл аймақта кооперативтік модельдің азғындалу ықтималдығы жоғары. Ұйым орталық компаниялардың қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында, халықаралық еншілес компанияларды ашуды қолға алды. Осы тұрғыдан алғанда аталған стратегияның алып келген пайдасы мол болды, себебі интернационалды кооперативтер ішкі кооперативтерге қарағанда қосымша жұмыс орындарын көптеп ашты. Мамандардың мәліметінше, компания мүшелерінің саны жұмысшыларға қарағанда күн санап өсуде. «Алтуна» статистикасына сүйенетін болсақ (2008), 2007 жылы мүшелер құрамында жұмысшылар саны 29,5% жетті. 2012 жылы барлық жұмысшы өкілінің 40,3% құрады.

2003 жылы Мондрагонның сегізінші конгресінің басты мақсаты—компанияның мәдени құндылықтарын насихаттау, кооперативтік ұйымдардың маңыздылығын арттыру болды. Соған қарамастан көптеген қиындықтарға тап болды. Осы компаниялардың кооперативтік бизнес модельге бірігу жолында кездескен кедергілер: экономикалық, құқықтық, мәдени және инвестицияның жетіспеушілігі (Флэча және Нгай, 2015). Мысал келтіретін болсақ, жергілікті заң органдары кооператив моделін мойындамайды, оған

қоса біршама жұмысшылар кооператив ұғымының түпкі мақсатын түсіне бермейді. Мондрагон мәдениеті 60 жыл бұрын Баск аймағында пайда болды, сол заманнан бері ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатыр. Айтылған мәдениеттің құндылықтарының басқа мәдениетке берілуі оңайға соққан жоқ. Дегенмен, кейбір жетістіктерді атап өткен жөн. Мәселен, Анхель Эррасти (2014) кәсіподақ өкілдерінің интеграциясын сипаттайды, Польшада Fagor Electrodomésticos компаниясының қолдауымен құрылған еншілес кеңесі, қатардағы жұмысшылардың басқару сатысына дейін көтерілуге мүмкіндік беру керек деп есептейді.

Мондрагон қазіргі бәсеке жоғары әлемдік экономикада кооперативтердің рөлі туралы кешенді мәселелер қозғады. Кооперативтер халықаралық интеграцияға қатыса алмай қалған жағдайда да, бәсекеге қабілетті екенін көрсетуі қажет. Капиталистік компаниялар халықаралық сауданы басқаруда, кооперативтік компанияларды экономикадан шығарып жатыр деген қате түсінік. Мондрагонның топтары халықаралық интеграцияға кірудің инновациялық жолдарын табуға қабілетті. Шет елдегі еншілес компаниялардың офшорлық өнеркәсібіне қарағанда, жұмысшы өкілдеріне қолдау көрсету Мондрагонның негізгі қағидасы болды.

Мондрагон өзге кооперативтер мен капиталистік компанияларға қарағанда жұмыс жағдайына көбірек назар аударуда алда болып танылады. Тіпті Мондрагонға қарсы көзқараста болғандардың өздері оның зор үлесін мойындайды, себебі қазіргі серіктестер олардың кейінгі ұрпақтары да сапалы және тұрақты жұмыспен қамтылатынына сенімді. Ол жұмыс жағдайларын арттыруға да барын салды, кооперативтердегі қызметшілер болашақта олардың ұрпақтарының да осы секілді компанияда жұмыс атқаратынына үміттенеді. Мондрагонның басты принциптерінің бірі – сапалы және тұрақты жұмыс орындарын ашу басқа да бөлімшелеріне таралған. Осы принципке сәйкес, Лузаррага және Ирizar (2012) кооперативтерінде ұлттық және жергілікті үкімдерді орындауға қосымша ретінде, жұмыс жағдайының сапасы арттырылды, мысалы, жалақы мен оқи алу мүмкіндіктері берілді. Мондрагонның біріккен қозғалысы жаһандық капитализм динамикасын өзгертуге шамасы келмегенмен, ол жұмысшы топтарына жақсы өмір сыйлауды өзінің тарихи міндеті деп санады. ■

Хаттарды Игнасио Санта-Круз Аюга <Inaki.SantaCruz@uab.cat> және Эва Алонсоға <eva.alonso@ub.edu> жолдауға болады.

Сілтеме

Altuna, L. (ed.) (2008) La experiencia cooperativa de Mondragón, una síntesis general. Eskuariatza: Lanki-Huhezi, Mondragon Unibertsitatea.

Errasti, A. (2014) "Tensiones y oportunidades en las multinacionales cooperativas de Mondragón: El caso Fagor Electrodomésticos, Sdad. Coop." Revesco: Revista de Estudios Cooperativos, 113: 30-60.


Flecha, R. and Ngai, P. (2015) "The challenge for Mondragon: Searching for the cooperative values in times of internationalization." Organization, 21 (5): 666-682.

Kasimir, S. (March 2016) "The Mondragon Cooperatives: Successes and Challenges." Global Dialogue 6.1.

Luzarraga, J.M. and Irizar, I. (2012) "La estrategia de multilocalización internacional de la Corporación Mondragón." Ekonomiaz, 79: 114-145.

> Жаһандық диалогты румын тіліне аудару

Костинел Анута, Корина Брагару, Анка Михай, Оана Негря, Ян Даниель Попа және Диана Тихан, Бухарест университеті, Румыния



Жаһандық диалогты румын тіліне аударудағы сын-тегеуріндер.

Аталмыш мақалада Жаһандық диалогтың румын редакциялық тобының генезисі мен құрылымы сипатталады, даму үдерісі мен жұмыс үрдісіне көңіл бөлінеді, сонымен қатар топ тәжірибесінің ерекшеліктері айтылады.

Румындық редакциялық топ профессор Мэриан Преданың бастауымен ашылды. Ол мұнда аспиранттарды докторлық оқуына қосымша ретінде қатысуға

ынталандырды. Сондай-ақ редакцияның ашылуына арқау болғандар профессор Косима Руджинис және Илеана-Синзиана Сурду болды, олар топтың өндірістік үдерісін дамытуға көмектесті. Илеана топтың әр басқан қадамына жауап берді және болып жатқан жұмыстардың өз деңгейінде орындалуына көп септігін тигізді.

Жаһандық диалогқа арналған мақалалардың ағылшын нұскасын алғаннан кейін, топ мүшелері Бухарест

университетінің Әлеуметтану жобасында жұмыс жасаған әріптестеріне және сол университетті бітірген студенттерге шақырулар жібереді. Топқа қосылуға ниет білдіргендерге қойылатын талаптардың ішіндегі ең маңыздысы тәжірибе болып табылады, яғни мақалаларды аудару және өңдеу үдерісінде аса қажет әлеуметтанулық пен лингвистикалық оқу қабілеттерінің болуы. Бес шығарылыммен жұмыс жасап көмектескендерге ХӘҚ мүшесі болып қосылу қосымша ынталандырма болып табылады.

Ағылшын жобалары Dropbox қорапшасына орналастырылғаннан кейін, мақалалар екі аптаның ішінде аударылады. Шығарылымға байланысты әр аудармашыға белгілі бір ауқымда, әдетте төрт және он беттің шамасында мақалаларды аударуға береді. Үшінші аптада топтың әрбір мүшесі өзге әріптесі аударған мақалаларды қарастырады, сөйтіп, сараптамалық бағалау үдерісі орын алады. Мақаланың бастапқы мағынасы мен стилін сақтау мақсатында, ағылшын және румын аударма нұсқалары үнемі салыстырылады. Төртінші аптада топтың жаңадан жұмысқа кірген мүшесі әрбір мақаланы қарап шығады, мақалалардың арасындағы байланысты сақтауға тырысады (мәселен, мақалалардағы үйлесімділікті сақтау, қайсы синонимнің сөйлем мағынасына көбірек тура келетіндігі), және соңында топ бірігіп румын мақалаларын өңдеп басылымға шығарады.

Дегенмен, жұмыс реті әрқашан біркелі бола бермейді: әрқайсысымыз шыдамдылық пен бейімділік көрсетіп, өзіндік әлеуметтік дағдымызбен жұмыс жасауымыз қажет. Ағылшын түпнұсқасының мағынасын жоғалтпай, тәуелсіз және нақ румын тіліне аудару ең қиын міндеттердің бірі болып табылады. Кейде жаңа түсініктерге біз қолайлы терминология ойлап табуымыз керек болды, мәселен, GD5.4. шығарылымындағы мақаланың бірінен кездестірген, «құлдыраған» экономика термині. Бұл

өзгеріс ағылшын (герман тілдері тобы) және румын (латын тілдері тобы) тілдерінің құрылымдық айырмашылығына байланысты, кейде екі тілдің синтаксис және сөз құрылысы бойынша қарама-қарсы ережеге бағынатын кездері болады.

Қандай сөйлем құрылымы мен айтылуы ең сәтті аударма болатындығы туралы қызба пікірталастар ағылшын тілін меңгертіп қана қоймай, сондай-ақ румын тілін қолданысын дамытуға мүмкіндіктер береді. Кейде біз едәуір жаңа болып табылатын әлеуметтанулық концепциялардың румындық нұсқасын іздеуге көп күш жұмсаймыз, румын әлеуметтанушысының ағылшын терминдерін аударудағы шеберлігі осыған дәлел. Осылайша, аударма ісі бізге екі түрлі жолмен өз көмегін тигізіп отыр: біздің лингвистикалық шеберлігімізді арттырады және әлеуметтану ғылымы туралы білімімізді одан әрі байытады. Теориялық тақырыптарды талқылай отырып, аударманы уақытында дайындау келесі басқа мәселе болып табылады, себебі барлық топ мүшелері өздерінің академиялық пен кәсіби кестесі бола тұра, Жаһандық диалог бойынша жұмыс жасау деңгейіне сәйкес келуі қажет.

Журналдың қамтып отыратын тақырыптар әртүрлілігін ескерсек, Жаһандық диалогқа ену үшін әрқилы ғылыми және жергілікті мәдениетпен біршама тәжірибелесуді талап етеді. Бүкіл аударма жасау үдерісі кезінде топтың әрбір мүшесінің өзіндік үлесі бар, сол себептен аударманың румындық нұсқасы қызығушылық пен табандылықтың жемісі болып саналады. ■

Хаттарды төмендегілерге жолдауға болады:
Костинел Анута <costinel.anuta@gmail.com>
Корина Брагару <bragaru_corina@yahoo.com>
Анка Михай <anca.mihai07@gmail.com>
Оана Негря <oana.elena.negrea@gmail.com>
Ян Даниель Попа <jondanielpopa@yahoo.com>
Диана Тихан <tihandiana@yahoo.com>